Республикалық ақпараттық ғылыми–әдістемелік журналы

ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕР



Магзумова Гульден Сабитовна

Даярлық сынып тәрбиешісі, педагог – сарапшы

№10(2) (2025 ж. Қазан/Октябрь 2025 г.)

ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕР

«ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕР ЖУРНАЛЫ» республикалық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының №10(2) (2025 ж. Қазан) шығарылымы.
Выпуск №10(2) (Октябрь 2025 г.) республиканского информационного научно-методического журнала «ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕР ЖУРНАЛЫ».

Басылымның кезеңділігі - айына 4 рет шығады

№ KZ73VPY00128307 есепке қоюы туралы
КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде берілген

Периодичность издания — 4 раза в месяц.

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет № KZ73VPY00128307

Выдано Комитетом информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:
білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық, педагогикалық инновациялық тәжірибелерді тарату бойынша материалдар жариялау.

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:
публикация материалов по распространению учебно-методического, научно-практического, информационно-аналитического, педагогического инновационного опыта в области образования.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан
Дүйсенбекова Б.Н. – б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – б.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

Материалдардың анықтығына авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

Ответственность за достоверность материалов несут авторы. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы

«ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕР» ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.
С правилами для авторов информационного научно-методического журнала «ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕР» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Мазмұны / Содержание

Магзумова Г.С. «Даярлық топта математикаға қызығушылықты арттырудың тиімді әдістері» 4
Аубакирова Ж.Ш. Математикалық ойындар – бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілетін дамыту құралы 7
Каргабаева Л.Т. Сингапур тәжірибесі: білім алушыларды PISA дайындығы және 5 е моделін меңгерудің маңызы 9
Себепова А.Т. Альбомдағы суреттер 12
Шарковская Н.Л. Профориентационная работа в условиях использования искусственного интеллекта 15
Сапашев Е.О. Қазақстан тарихынан тест: түрлері, әдістемесі, қолданылуы 18
Асаева Ж.Х. Қазақ тілінен диалогтік оқыту арқылы тілдік орта қалыптастыру 21
Серік Д.Қ. Тарих сабағында оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытудың тиімді жолдары 24
Калиакбарова К.Б. Жұмбақтар мен логикалық есептер әлемі 26
Ниязова З.А. Функциональная грамотность на уроках русского языка и литературы 29
Журавлева Л.А. Игровые технологии как способ повышения мотивации к обучению 32
Шарипова А.Б. Толық емес отбасына бала тәрбиесінде әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру 35
Каунбаева У.Р. Ағылшын тілін үйренуге деген оқушылардың мотивациясын қалыптастыру 38
Бұхарбаева Ү.Т. Ағылшын тілін үйретуде оқушылардың сойлеу дағдысын қалыптастыру үшін қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер мен жаттығулар 42
Тогаев А.С. Foreign language teaching methodology 45
Срымова А.Ж. "The role of technology in everyday life" 48
Мынжасарова А.А. Тарихи материалды оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру құралы ретінде пайдалану 51
Медешов Т.Т. Мектепте дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру әдістемесі 54
Мурзагалиева А.С. Би өнері – рухани үйлесім мен әсемдіктің бастауы 57
Сагимбекова М.А. «Дарынды оқушылармен жұмыс жасаудың түрлі әдіс-тәсілдері» 58
Тлекқабылова Т.Қ. Жақсы дос - жан азығы 61
Нұрғалиева С.Ә. «Сандар әлеміне саяхат» 64
Аймуханова К.Б. Оқу — өмірдің кілті 65
Сарсенова С.И. Кітаппен дос болайық! 66
Таласова Ж.Т. Күнделік өмірдегі құнды дағды 67
Мухамедрахимова Г.Ж. Бастауыш сыныпта логикалық ойлауды дамыту жолдары 68
Мамырова Г.Т. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілеттерін менталды арифметика арқылы дамыту» атты авторлық бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігі мен тиімділігі 72
Кыдырбаева К.Д. Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдері 73
Кайдарова Н.Н. Оқушылардың оқылым дағдысын тұтас емес мәтіндер арқылы дамыту 77
Мукишев Ш.А. Биология сабағында STEAM технологиясы арқылы оқушыларды кәсіби бағдарлау 80

Магзумова Гульден Сабитовна
Даярлық сынып тәрбишісі, педагог – сарапшы
«Қостанай облысы білім басқармасының Амангелді ауданының білім бөлімі» ММ-нің
Ә.Боранбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ-нің



«ДАЯРЛЫҚ ТОПТА МАТЕМАТИКАҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ»

Жас баланы сан ұғымымен алғаш таныстырып отырған тәрбиеші үшін бұл ұғымның дамуының ұзақ жолын білу тек қызықты ғана емес, ол қажетте. Бұл болса, осы ұғымды игеруде балалардың қандай қиыншылықтарды жеңуге тура келгенін тәрбиешінің түсініп алуына көмектеседі.

Балалардың зейінін тұрақтандыру, қабылдауын және танымдық қабілетін жоғарылату. Оқу іс-әрекетіне, ойын әрекетіне белсенді қатысу шығармашылық ізденіске талпындыру жаңа әдіс- тәсілдерді қолдану. Сабақты қызықты өткізу үшін қосымша материалдар пайдаланамын, сол себеппен мен өзімнің тәрбиелеп жүрген балаларыма оқу тәрбие үрдісінде болып жатқан жаңалықтарды пайдаланып келемін.

Мектеп жасына дейінгі балалар кішігірім математикалық терминдер, геометриялық пішіндердің атауларын (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және олардың элементтері (қыры, бұрышы) болатынын, қосу, алу тең ұғымдарын үйренеді. Сонымен қатар балалардың математикалық білімге деген қызығушылығы артады, берілген есепті шешуге өз күш (ерік), жігерін жұмсайды, Балада алғашқы түсініктер индуктивті және дедуктивті ойлау қалыптасады. Бала бір заттың құрылысына, қасиетіне (пішініне, түсі т.б.) қарай талдау, сараптау, салыстыруға, кеңістікті бағдарлап, салыстырмалы түрде ойлай алады. Әр шаңырақтың үміті болып өсіп келе жатырған алдымдағы әрбір шәкіртімнің бабын таба білу және жүрегіне ел, ұлт деген ұғымды ұялатып, жан шырағын жаға білу. 5 жастағы балалардың , көпшілігі оң-сол, жоғары -төмен, алыс- жақын деген негізгі ұғымдарды меңгергенімен алыс-жақын, биік- аласа, көп -аз, үлкен- кіші ұғымдарын шатыстырып, 0- ден 10-ға дейінгі сандарды тура санағанымен кері санау және сандарды таңбасына қарай ажырату қиын болды. Даярлық тобында осы балалармен деңгейлік тапсырмалар орындату қиыншылық туғызды. Деңгейлік тапсырмалар 1,2,3,4 деңгейде беріледі. Деңгейлік тапсырмаларды тексеріп, дұрыс болған жағдайда ғана келесі деңгейге көшу керек, осы кезде тәрбиешіге барлық баланы тексеріп шығу өте ауыр, сондықтан. Өзіме ыңғайлы болу үшін, 1-ші қатарға 3 деңгейді бірдей уақытта орындайтын баларды отырғыздым, 2-ші қатарға 2 деңгейлі бірдей уақытта орындайтын балаларды, 3-ші қатарға 1 деңгейді ғана орындайтын балаларды отырғыздым. Бұл балалардың тапсырмаларды қызыға, ынталана орындап, кез- келген қиыншылыққа төзуге, жеңуге болады деп ойлаймын. Осы тапсырмаларды өз бетімен орындау- шығармашылық жұмыс бастамасы. Келесі 4 деңгейді орындайтын оқушылар бірте - бірте дараланып шыға бастайды. Ал, 4 деңгей тапсырмаларын үнемі жеке карточкалар арқылы беріп отырамын. Бүгінгі таңда адамзат

қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектепке дейінгі мекемелерде оқыту мәселесін де заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа технологиялармен қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр, сондықтан әрбір педагогтың алдына оқытудың жаңа технологияларын оқыту үрдісіне енгізу мақсаты қойылып отыр. [1]

Балабақшаның басты міндеттерінің бірі бүлдіршіндердің ой-өрісін, іс-қимылын жан-жақты дамыту. Бұл кезең баланың іс-әрекетінің қалыптасуымен дамуы қуаттылықпен жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын мезгіл. Бұл мезгілде балаларға берілетін білім ең алдымен тәрбие мазмұны әлеуметтік сұранысқа сай жүзеге асырылуы тиіс. Таным ең алдымен сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну үдерісі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды. Баланың логикалық ойлау түсігіні ең алдымен оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы жас ерекшеліктеріне байланысты, бала заттың санын, затты салыстыру (көлемін) теңістіру, орналасуын, саны мен сыңарын белгілеріне қарай табу тәсілдерін меңгереді.

Дамыта оқыту технологиясы. Білім беру жүйесін қайта құру балабақшадан басталатыны белгілі. Ал, білім беруді жақсарту педагогқа байланысты екендігі сөзсіз. Соған орай білім берудің жаңа технологияларын мақсатқа сай қолдана білу қажет. Мысалы: ертегінің мазмұнын ашу барысында Дамыта оқыту технологиясын қолдансақ, онда Л.В.Занковтың дамыта оқыту жүйесінің негізгі мақсаты жеке адамның жоғарғы дәрежеде жан -жақты дамуы үшін негізін жасау. Дамыта оқытудың басты мақсаты- баланы оқыта отырып жан -жақты дамыту.Дамыта оқыту әдістемесіндегі ең басты нәрсе балаларды оқытуда шығармашылық әрекетін енгізу. Күнделікті сабаққа әзірленгенде осы дамыта оқытудың әдіс- тәсілдерін пайдаланамын. Балалардың сабаққа деген ынтасын, белсенділігін арттыруда сабақты түрлендіру, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана өткізудің де маңызы зор. [2]

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Қазіргі балабақша тәжірибесінде қолданып жүрген сыни ойлауды дамыту технологиясының стратегиялары баланың ойлауына, шығармашылық ізденісіне, педагогтың шеберлігіне жол ашты. Технология әдістерін қолдануда педагогтар нәтижесінде: баланың ойлауына, бала белсенділігіне, сөздік қорын дамытуға, баланың өзіндік пікірінің қалыптасуына мүмкіндік жасайтындығын айтып жетістікке жетуде. Баланың өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой- өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, бірте - бірте мұғалімнің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығу танытып, шығармашылық қабілеті ұшталады.Оның ішінде ерекше бір жағдай: топта көп сөйлемейтін, ойлау дәрежелері төмен балалардың да қызығушылығы туып, олардың өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға тырысуы байқалды, сөйтіп жаңа әдіс - тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашуда. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда ойын технологиясын пайдалану қажет. Өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын болғандықтан, әрбір педагог ойын технологиясын жетік меңгеруі тиіс деп санаймын. Ойын барысында балалар тілдесу ережелерімен танысады. Біз балаларға әр түрлі тапсырмаларды береміз, тапсырмаларды орындау барысында мыналарды үйренеді.

- заттардың белгілерін сипаттау;
- берілген белгілері бойынша заттарды тану ;
- заттардың бірдей және әр түрлі қасиеттерін анықтау;
- заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай жіктеу дағдыларын қалыптастыру;
- іс -әрекеттердің бірізділігін анықтау;
- қарама -қарсы құбылыстар туралы мінеу;
- өз қызметінде уақытша жақтауларды көру;
- есте сақтау қабілетін, қолдың кіші моторикасын дамыту;
- әр түрлі түсініктерге анықтама беру ;
- тапқырлықты және ұғымталдықты дамыту.

Мен өзімнің тобымдағы балалардың жас шамасы мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, іс -тәжірибесінің шеберлігіне байланысты интегралды оқу іс- әрекеттер өткізуі өте тиімді әдіс. Олай дейтінім, оның ерекшелігі сабақтардың бір -бірімен байланыстылығында. Жаңа әдістерді күнделікті іс - әрекет үрдісіне пайдалану үшін, әр тәрбиеші өзінің алдында отырған балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтық мақсат -мүддесіне, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. [5] Жаңа технологияны жүзеге асыруда тәрбиешінің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз - балаға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Кез- келген бала тәрбиешінің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Егер бала бойындағы қабілетті тәрбиеші байқамаса, ол бала басқа балалармен бірдей болып қалады, сондықтан қабілеттің дамуына түрткі бола білуі керек. Сабақты қызықты өткізу үшін, тәрбиешінің өзі даярлануы керек. Венн диаграммасы, деңгейлік тапсырмалар, ауызша логикалық есептер дайындауы қажет. Математика сабағында баланың ой еңбегі мен қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыра білу керек:

- берілетін тапсырманың орындалуын білу және оны ұғыну керек;
- есеп шығарудың әртүрлі жолдарын, тәсілдерін игеру керек;
- балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында ойын түрлерін пайдалану керек.

Осы айтылған әдіс- тәсілдердің бәрін жүзеге асыру оңай шаруа емес. Оған шығармашылық тұрғыдан ізденіс, шыдамдылық, жүйелі жұмыс жасай білу қажет. Ең алдымен осы уақыт ішінде технология бойынша жұмыс істеудің тиімді жақтарын айтатын болсам:

1. Әр бала өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады ;
2. Баланың жеке қабілеті айқындалады :
3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысады;
4. Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес, баланың ойлау қабілеті артады ;
5. Әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады ;
6. Бір сабақта есептің әр түрін шығарады.

Осындай жұмыстарды ойдағыдай атқару үшін тәрбиешінің балаға берер әсері болу керек. Мысалы: балаға сенім қалыптастыру үшін сен білесің, сенің қолыңнан келеді, үйренесің деген сөздер қажет. Баланың өз ойынан шыққан жетістігін жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеп отыру керек.

Оқу іс - әрекетті түрлендіріп өткізуде пайдаланатын технологияларды пайдаланамын:

- Оқу іс- әрекетті түрлендіріп өткізу
- Басқа сабақтармен ұштастыру
- Жарыс-сайыс, оқу іс –әрекеттер
- Көрнекіліктер арқылы
- Тірек сигналы

Мұндағы көздеген мақсатым: балада психикалық процестер мен психикалық қасиеттердің қалыптасуымен дамуын және сол жыл бойына алған білімдерінің деңгейін тексеру баланы оқытуда және тәрбиелеуде ата -аналардың шет қалмауын қамтамасыз ету. Мұндай сабақтар баланың қызығушылығын арттырып дүние заттары мен құбылыстарын танысам, көре білсем деген талабын арттыра түседі.

Көрнекілік арқылы деген тарауымда балаларға көрсететін көрнекілігім үлкен, әдемі, бояуы қанық, әрі балаға көрінетіндей етіп қабылдаймын. Іс -әрекетінің екінші бөлімінде балаға берілетін карточкалар эстетикалық талғамға сай болуы керек. Көрнекілік қолдану кезеңінде мынадай қағидалар басты назарда болады:

- Көрнекілікті көрсетер алдында мақсатын нақты айқындау
- Көрнекілік оқытудың өзге де құралдарымен қоса пайдалану ;
- Көрнекіліктің барлық балаға түгел жақсы көрінуі;
- Көрнекілікті сабақтың тек қажетті кезеңінде қолдану.

Осы ережелерді сақтай отырып,сабақтарымда көрнекілік пайдаланамын. Мысалы : суретпен жұмыс, сөзжұмбақтар, т.б. көрнекіліктерді қолданып отырамын. Іс-әрекетінде логикалық ойындарды ойнағанда, балалардың ойлау қабілетін арттыру. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл - ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады.

Қорытындылай келе айтарым, қызығушылық - танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші. Балалардың танымдық қызығушылықтың көмегімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіндігіне сенім артады, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды. Даярлық топта математикаға қызығушылықты арттыру – бұл жүйелі үдеріс. Математика – тек формулалар мен есептеулер емес, ол логикалық ойлаудың, шығармашылық қабілеттің және өмірлік дағдылардың дамуында маңызды рөл атқаратын пән. Оқушылардың пәнге деген сенімі мен қызығушылығын арттыру – біздің міндетіміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бисеков Ж. Жақсыбаева А Қойбарова Ж «Бастауыш сынып оқушыларына арналған әдістемелік құрал» Шымкент 2008ж
2. Джонни Болл «Бәрі де сандар туралы» Алматы кітап 2010ж
3. Нұрманова С, Оспанова С. «Математикалық логикалық есептер» «Атамұра» 2010ж
4. Математикалық әдістемеліктер «Атамұра» баспасы 2009ж

Аубакирова Жанар Шаяхметовна
Бастауыш сынып мұғалімі
"Алматы облысы білім басқармасының Талғар ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№22 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР – БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Қазіргі қоғамда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, ойлау қабілетін дамыту және білім сапасын көтеру – білім берудің негізгі міндеттерінің бірі.

Бастауыш мектеп – баланың жеке тұлғалық қасиеттерінің, ойлау мәдениетінің және оқу дағдыларының қалыптасу кезеңі. Сондықтан осы жастағы оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттырудың ең тиімді жолдарының бірі – ойын арқылы оқыту.

Ойын – баланың өміріндегі табиғи әрекет. Ол арқылы бала қоршаған ортамен танысады, өз тәжірибесін кеңейтеді, жаңа білім мен дағдыларды меңгереді. Ал математикалық ойындар – баланың ойлау қабілетін дамыту мен математикалық білімін қалыптастырудың қуатты құралы.

1. Математикалық ойындардың маңызы

Математикалық ойын – бұл оқу мен ойын әрекеттерінің үйлесімі. Ойын барысында оқушылар өзара жарысып, өз білімін сынайды, сонымен қатар жаңа ұғымдарды түсінеді. Математикалық ойындардың маңыздылығы:

- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады;
- Танымдық белсенділікті, ізденімпаздықты ынталандырады;
- Логикалық, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамытады;
- Оқу процесінде белсенді қарым-қатынас пен ынтымақтастық қалыптастырады;
- Есте сақтау, зейін қою, ойды жүйелеу және дәлелдеуді жаттықтырады.

2. Математикалық ойындардың түрлері

Математикалық ойындардың мазмұны әртүрлі болғанымен, олардың барлығы оқу процесін жеңілдетуге, білімді бекітуге және логикалық ойлауды дамытуға бағытталған. Төменде бастауыш сыныптарда жиі қолданылатын негізгі түрлері көрсетілген.

1) Дидактикалық (үйретуші) ойындар – жаңа тақырыпты түсіндіру немесе бекіту кезінде қолданылады.
Мысалдар: «Кім жылдам?», «Артық санды тап», «Сандар әлемі».

2) Логикалық ойындар – оқушының ойлау жүйесін, талдау, салыстыру және қорыту қабілеттерін жетілдіреді.

Мысалдар: «Жұмбақ есептер», «Қайсысы дұрыс?», «Сиқырлы квадраттар».

3) Қозғалыс ойындары – қозғалыс пен есепті біріктіру арқылы белсенділікті арттырады. Мысалдар: «Сан бойынша топтас», «Қосу эстафетасы».

4) Интерактивті ойындар – цифрлық технология арқылы қызығушылықты арттырады. Мысалдар: «Math Bingo», «Kahoot Quiz», «Sudoku».

5) Сюжеттік-рөлдік ойындар – өмірлік жағдаяттармен байланыстырылады. Мысалдар: «Дүкенде», «Саяхатқа шығайық».

3. Математикалық ойындарды ұйымдастыру жолдары

Мұғалім математикалық ойындарды ұйымдастырғанда келесі қағидаларды басшылыққа алуы қажет:

1. Мақсаттылық;
2. 2. Қарапайымдылық;
3. 3. Қатысушылық;
4. Нәтижелілік.

Сабақ құрылымында ойындар қызығушылықты ояту, білімді бекіту және рефлексия кезеңдерінде тиімді қолданылады.

4. Математикалық ойындардың пайдасы мен әсері

Математикалық ойындар оқу мен тәрбиенің көптеген мақсаттарын орындайды:

- Ақыл-ой дамуы;
- Логикалық ойлау қабілеті;
- Шығармашылық;
- Қарым-қатынас мәдениеті;
- Тәрбиелік әсер.

Математикалық ойын – тек көңіл көтеру емес, ол білімді бекіту мен тәрбиелеудің тиімді әдісі.

5. Математикалық ойындарды сабақ пен сыныптан тыс қолдану

Математикалық ойындар сабақта да, сабақтан тыс шараларда да тиімді қолданылады. Мысалы, «Математика еліне саяхат» атты іс-шарада әр бекетте логикалық есептер мен қызықты тапсырмалар беріледі.

Бұл оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, ұжымдық жауапкершілікті дамытады.

6. Мұғалімге арналған әдістемелік ұсыныстар

1. Ойындарды жас ерекшелігіне сай таңдау;
2. Уақытты тиімді жоспарлау;
3. Мақсатты нақты түсіндіру;
4. Көрнекіліктерді алдын ала дайындау;
5. Қиындық көрген оқушыларға қолдау көрсету;
6. Сабақ соңында қорытынды жасап, мадақтау.

Қорытынды

Математикалық ойындар – бастауыш сынып оқушыларын қызықтыра отырып, олардың ойлау, есте сақтау, логика және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдіс.

Ойын арқылы білім алу үдерісі жеңіл әрі мағыналы болады. Сондықтан мұғалімдер әр сабақты ойын элементтерімен байытып, баланың танымдық дамуына жағдай жасауы қажет.

Каргабаева Лаззат Толеуовна
Геогрфия пәні мұғалімі
ШЖҚ «М. Мақатаев атындағы №140 гимназия» КММ
Алматы қаласы



СИНГАПУР ТӘЖІРИБЕСІ: БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ PISA ДАЙЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ 5 Е МОДЕЛІН МЕҢГЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

PISA - Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалайтын халықаралық зерттеу. Зерттеу мақсаты: 15 жасқа толған білім алушылардың оқу сауаттылығы, математика және жаратылыстану бағыты бойынша білім деңгейін анықтап, бағалау. Осы мақсатта 2024 жылы 7 қыркүйек пен 17 қыркүйек аралығында кәсіби тәжірибе алмасу бойынша Сингапур еліне шетелдік тағлымдамамен іс сапарға шықтық. Бағдарламаның негізгі мақсаты білім алушылардың оқу сауаттылығы, математика және жаратылыстану сауаттылықтарын халықаралық деңгейде бағалау тәсілдерімен танысу. Сингапур елінде MARSHALL CAVENDISH education жаһандық білім беру орталығында білім алдық. MCE бүкіл әлем бойынша орта беру ұйымдар оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне оқу материалдарын әзірлеп, баспа және цифрлық ресурстарды ұсынатын жаһандық білім беру орталығы. Білім беру шешімдері озық үлгіге негізделген. MCE жүзденден астам елде келісім шартта жұмыс істейді. Мектепке дейінгі жастан бастап орта мектепке дейін бейімделген 17 тілде материалдар ұсынады. Оқу материалдары Кембридж стандартын ескере отырып құрылған. MCE Орталық Азия бойынша Қырғызстан, Өзбекстан мектеп бағдарламаларына цифрландыру және мектеп әкімшіліктері мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында серіктестік орнатылған. Мемлекеттің оқу жүйелерін енгізіп, жұмыс істеуде. Қазіргі таңда дүниежүзі бойынша MARSHALL CAVENDISH education ұстаздарға кәсіби дамуын және білім беру бойынша кеңістер ұсынады. Он күн көлемінде MCE доктор Чарльз Чу Charles Chew мырзадан білім алдық. PISA құзыреттілігін қалыптастыру арқылы оқушылардың ғылыми сауаттылығын арттыру тақырыбында ең өзекті мәселелер қарастырылды. Әлемдік білім беру жүйесінде білім алушылар PISA халықаралық зерттеуде жоғары нәтиже көрсетудің жолдарымен таныстырып өтті. Әрине мұндай жетістікке елдің білім жүйесінің тиімділігі мен заманауи тәсілдердің нәтижесі. Бұл елде білім беру мемлекеттің басты стратегиялық бағыты. Ұстаз білім сапасының негізін құрушы. Бұл елде ұстаз зерттеуші және жаңашыл маман ретінде қарастырылады. Әр бір мұғалім үнемі курстан өтіп өз тәжірибесін жетілдіріп отырады. Ұстаздар сабақтарында 5 Е моделін: Engage – Explore – Explain – Elaborate – Evaluate кеңінен қолданады. 5 Е моделі «Қызықтыру»- оқушының назарын аудару, сабақ барысында проблемалық жағдай туғызу.

«Зерттеу»- берілген деректермен жұмыс істеу отырып, тұжырым жасау.

«Түсіндіру»- алынған нәтижелерді талдау және тұжырым жасау

«Қолдану»- білімді жаңа жағдайда пайдалану

«Бағалау»- өзін- өзі және өзара бағалау арқылы рефлексия жасау. Бұл модель оқыту процесін оқушының белсенді қатысуын негіздейді. Модель оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытып, пәндік білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Сингапур елінің Білім министрлігінде Снг Черн Вэй мырза математика, жаратылыстану, ана тілі пәндері бойынша оқу бағдарламаларын жоспарлау және әзірлеу бөлімінің директоры: PISA -2018 біздің оқушыларымыз сыни дағдылар мен төзімділігін көрсеткен. Біз қолдау көрсететін ата-аналар мен адал мұғалімдерге оқушыларымызды үнемі тәрбиелегені үшін алғыс айтамыз”- деп айтты. Шәкірттерінің жоғары балл жинауы ең алдымен мектеп және қолдау көрсететін ата- аналар , үй жағдайы. Әр баланың білім алуына, сыни дағдыларын қалыптастыруда ата- ананыңда рөлі ерекше. Ата- аналар, қоғам мүшелері мемлекеттің білім беру процесіне белсенді қатысады. Тәрбие мен оқу жұмыстары үйлесімді жүргізе отырып, балаларын жан- жақты дамуына жағдай жасайды.

Доктор Чарльз Чу Сингапур елінің ғылыми оқу бағдарламасының құрылымы мен таныстырып өтті.



Сурет1
Сингапур елінің ғылыми оқу бағдарламасының құрлымы. Елде процесс дағдылары маңызды болып табылады.

Бұл құрлымға үңіліп оқысақ жаратылыстану ең өзегінде орналасқан, жан жағы білім алушының зерттеуге, шабыттандыруға, негізгі идея және тәжірибе арқылы құндылықтар, этика мен көзқарастар арқылы оқушыларды зерттеуші ретінде қарастырылған. Білім алушылардың құзыреттілігін арттыруда МСЕ тәсілі: білім, құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Құрлымда білім- зерттеуге негізделген оқыту. Құзыреттіліктер: ғылыми үдеріс дағдылары, контекстте негізделген сұрақтар, білімді қалыптастыру деңгейлер. Ең маңызды мәселе ұстаздар оқытуда БИГ Идея қағидасы қолданылады. Ерекшелігі әр сабақтың басты идеясын, маңыздылығын айқындауға көмектеседі. Қоршаған орта мен байланысы өмірмен байланысын түсінуге мүмкіндік береді. PISA тапсырманың ерекшеліктері функционалдық сауаттылық пен сыни ойлауға басымдылық береді. Сингапурда оқушылары алған білімді өмірлік жағдайда қолдануға машықтанады. Мемлекетте мектеп оқу бағдарламасы нақты өмірмен тығыз байланыста құрылған. Бұл әдістің ерекшелігі PISA берілген тапсырмаға дайын болуға мүмкіндік береді. Осы жүйелермен танысып, Алматы қаласы жаратылыстану бағытындағы ұстаздарына тренинг, семинар- практикум өтілді.





Сурет 2
Алматы қаласының ұстаздарына семинар-практикум






Басты мақсат қала ұстаздарына оқып, білген түйгенімізді үйрету болды, яғни каскадты оқыту. 7 қыркүйектен -17 қыркүйек аралығы оффлайн түрде өтілсе, наурыз айына дейін оқуымыз онлайн түрде жалғасын тапты. Әр бір өтілген сабақ, практикум бөліскен ұстаздар Чарльз Чу мырзаға есеп беріп отырып, кері байланыс алдық.



Сурет 3
Сингапур елінде тағлымдама да білім алуда ұстаздар



Қараша- наурыз аралығында зум арқылы онлайн түрде білім жалғасты

Нәтижелі аяқталып халықаралық жаратылыстану ғылымының тренері атанып, сертификатқа ие болдық. Күнделік жүйесінде PISA тапсырмаларын әзірлеп, жарияланды. Сингапур еліне барған 70 ұстаз математика және жаратылыстану бағыты бойынша

мұғалімдерге оқушыларды PISA дайындауда әдістемелік нұсқау тапсырмалар жинағын әзірлеп, қала, республика мұғалімдеріне таратылды.



Сурет 4
Жаратылыстану ғылымының тренер сертификат

Қорыта келе, сапалы білім беру, заманауи әдістемелер мен технологияларды тиімді қолдану нәтижесінде мақсатқа жетуге апарар жол. Сингапур тәжірибесінен оқушыларды Пиза форматында дайындау үшін зерттеушілік бағытындағы тапсырмалар оқу процесіне енгізу аса маңызды. Педагогтердің мақсаты- алынған осы тәжірибені білім беру жүйесіне бейімдеп, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін және зерттеушілік мәдениетін дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ministry of Education, Singapore. Teaching and Learning Frameworks.
2. Bybee, R. W. (2006). The BSCS 5E Instructional Model: Origins and Effectiveness. Colorado Springs: BSCS.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. PISA зерттеуіне дайындық жөніндегі әдістемелік нұсқаулық.


Себепова Акторгын Талаповна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
Д.Қонаев атындағы №44 мектеп гимназиясы
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы



АЛЬБОМДАҒЫ СУРЕТТЕР

Білім беру ұйымының атауы		
Пәні:	Әдебиеттік оқу	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 2 « »	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Бөлім:	Өзім туралы	
Сабақтың тақырыбы:	**№ 12 сабақ.** Альбомдағы суреттер.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.3.3.1 – шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну.	
Сабақтың мақсаты	Фотосуреттерді сипаттау қабілетін дамыту. Өлең мәтінін түсіну және талдау.	
Құндылықтар	Талап: жаңаны білуге, ізденуге құштар болу	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру 3 минут Жаңа білім 20 минут	Сабаққа дайындық жасату. Психологиялық ахуалды қалыптастыру. Жаңа тақырып 1. Фотоальбомың бар ма? Бар болса, ең әдемі фотосуретіді ата. Түсіндір. 2. Түсініп оқы. 3. Өз бетіңше басқа фотосуреттерің туралы да әңгімеле.	Көңіл-күй жаттығуын орындайды. Ең әдемі фотосуреті жайлы айтады Өлеңді түсініп оқиды Мынау менің туған күнімдегі суретім. Достарым жанымда, біз бірге туған күнді атап өтіп жатырмыз. жаңылтпашты қайталайды	Мадақтап отыру Дескриптор: - Ең әдемі фотосуреті жайлы айтады; - Таңдауын түсіндіреді. Дескриптор: - Өлеңді түсініп оқи алады. Дескриптор: - Оқушы фотосуреттердің мазмұнын сипаттайды; - Әңгімелеуде толық сөйлемдерді қолданады; - Өз суретіне эмоция мен жеке көзқарасын қосады.	Оқулықпен жұмыс

	4. Өлеңді екі бөлікке бөл. Әр бөлікке ат ойластыр.	Бірінші бөлік: «Тәй-тәй басқан қадамдар» Екінші бөлік: «Анаммен бірге»	Дескриптор: - Оқушы өлеңді екіге бөледі; - Әр бөлікке сай ат ойлап табады; - Өлең мазмұнын түсінеді және тақырыпқа сәйкес атау ойлайды.	
	5. Фотоальбомың болашақта қандай суреттермен толығады деп ойлайсың? Қиялдап көр.	Менің болашақ фотоальбомымда мектеп бітіру суреттерім, достарыммен саяхатқа шыққан кездерім және туған күнімдегі мерекелер болады.	Дескриптор: - Оқушы болашаққа жоспарланған фотосуреттерді қиялдайды. - Өз армандарын және болашақ оқиғаларды суреттеп айтады. - Қиялдау қабілетін көрсетеді.	
	Адамның жас ерекшеліктеріне байланысты атауларын сәйкестендір. 	Нәресте, бүлдіршін, балақай, жас жігіт, жігіт ағасы, ақсақал 2,4,3,1	Дескриптор: - Адамның жас ерекшеліктеріне байланысты атауларын сәйкестендіреді.	
7 минут Бекіту 7 минут Кері байланыс 5 минут	Қалыптастырушы бағалау (ҚБ): 1 тапсырма: Өлеңді оқып, баланың өсу ретін нөмірле. 2 тапсырма: Баланың ойыншықтарын тауып боя. 3 тапсырма: Фотоға түсірілетін сәттерді белгіле. «Он балдық жүйе» 	Түйе, сиыр, ат Қуанышты, бақытты кездер, мерекелік шаралар, достармен қауышқанда 1-ден 10-ға дейінгі шкалада өз білім деңгейін немесе сабақтағы түсініктерін бағалау	Дескриптор: - Өлеңді оқиды; - Баланың өсу ретін нөмірлейді; - Баланың ойыншықтарын бояйды; - Фотоға түсірілетін сәттерді белгілейді. Дескриптор: - Сабаққа кері байланыс жасайды.	Дидактикалық материалмен жұмыс. Карточкамен жұмыс 
Үй жұмысы 3 минут	Оқулық 34 бет 3 тапсырма Фотоальбомыңнан өлең жолдарына сәйкес келетін фотосуретті таңда. Ақынша сипаттап айт.	Үй жұмысын орындайды.	Дескриптор: - Үй жұмысын орындай алады.	

Шарковская Наталья Леонидовна
Заместитель директора по воспитательной работе
КГУ "Школа-гимназия №10 отдела образования города Рудного"
Управления образования акимата Костанайской области
Костанайская область, г.Рудный

ПРОФОРИЕНТАЦИОННАЯ РАБОТА В УСЛОВИЯХ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

***Аннотация**: в статье рассматривается актуальная проблема организации профориентационной работы в школе в условиях цифровизации и внедрения технологий искусственного интеллекта. Раскрывается роль заместителя директора по воспитательной работе в создании инновационной системы профориентации, основанной на персонализированных подходах, цифровых инструментах и проектной деятельности учащихся. Обосновывается значимость формирования цифровой культуры и профессионального самоопределения обучающихся в эпоху искусственного интеллекта.*

***Ключевые слова:** профориентация, искусственный интеллект, цифровая грамотность, воспитательная работа, профессии будущего, цифровизация образования, профессиональное самоопределение, инновационные технологии.*

Современное образование переживает эпоху глобальных перемен, связанных с активным внедрением цифровых технологий и искусственного интеллекта (ИИ) во все сферы человеческой деятельности. Профориентационная работа в школе сегодня требует нового подхода, который позволит готовить обучающихся не только к выбору профессии, но и к жизни в мире, где искусственный интеллект становится неотъемлемой частью профессиональной и личной реальности. Заместитель директора по воспитательной работе играет ключевую роль в организации этой деятельности, сочетая традиционные формы профориентации с инновационными методами, основанными на технологиях ИИ.

Искусственный интеллект открывает новые возможности в профориентационной деятельности. С его помощью можно проводить более глубокий анализ склонностей, интересов и способностей учащихся. Современные платформы, использующие элементы ИИ, позволяют создавать индивидуальные профили обучающихся, определять оптимальные профессиональные направления и рекомендовать образовательные траектории. Такие цифровые инструменты, как онлайн-тесты, виртуальные ассистенты и интеллектуальные системы анализа данных, помогают заместителю директора эффективно организовать профориентационную работу, делая её более персонализированной и результативной.

Важным аспектом является формирование у школьников цифровой культуры и понимания роли искусственного интеллекта в современном мире. На классных часах, тренингах и кураторских встречах можно обсуждать темы: «ИИ в профессиях будущего», «Как технологии меняют рынок труда», «Какие навыки нужны в эпоху искусственного интеллекта». Это помогает формировать у учащихся осознанное отношение к выбору профессии, развивает критическое мышление, способность к самоанализу и гибкость в принятии решений.

Современная профориентация должна быть интегрирована в воспитательную систему школы. Заместитель директора может организовать проектную деятельность, где школьники работают над практическими задачами с использованием технологий ИИ: создают мини-проекты, исследуют цифровые профессии, участвуют в конкурсах по робототехнике, программированию и дизайну. Такие формы работы способствуют не только

профессиональному самоопределению, но и развитию командного взаимодействия, лидерских качеств и ответственности.

Особое значение приобретает взаимодействие школы с внешними организациями, IT-компаниями, вузами и центрами цифровых компетенций. Это позволяет учащимся познакомиться с реальной профессиональной средой, где искусственный интеллект активно используется. Проведение встреч с представителями высокотехнологичных отраслей, участие в образовательных форумах, экскурсии в компании, работающие с ИИ, помогают школьникам увидеть реальные перспективы и сделать осознанный выбор профессии.

Не менее важна и работа с педагогами. Заместитель директора должен организовывать методические семинары, где обсуждаются вопросы внедрения ИИ в образовательный процесс и профориентацию. Повышение цифровой грамотности педагогов обеспечивает эффективность всей системы профориентационной работы.

Современная школа должна не просто давать знания, но и направлять обучающихся на осознанный выбор жизненного пути. В эпоху искусственного интеллекта профориентационная работа приобретает новое содержание. Сегодня невозможно готовить учеников к будущему, не учитывая стремительное развитие цифровых технологий, автоматизацию и искусственный интеллект, которые трансформируют рынок труда. По прогнозам экспертов Всемирного экономического форума, уже к 2035 году более 50% существующих профессий изменятся, а появятся десятки новых — связанных с обработкой данных, разработкой алгоритмов, робототехникой, кибербезопасностью, биоинформатикой и другими направлениями.

В этом контексте задача заместителя директора по воспитательной работе состоит в том, чтобы интегрировать ИИ не только как объект изучения, но и как инструмент профориентационной практики. Например, можно использовать платформы с элементами искусственного интеллекта, которые анализируют интересы учащихся, их достижения и склонности. Такие системы предлагают персональные рекомендации по профессиям, помогают выявить потенциал каждого ученика и разработать индивидуальную траекторию развития.

Практическая работа может включать проведение интерактивных профориентационных игр, тренингов и воркшопов. Один из примеров — организация «Дня цифровых профессий», где школьники с помощью ИИ-приложений определяют свои сильные стороны, проходят симуляции профессиональной деятельности (например, моделирование железнодорожного движения, создание веб-сайта, разработка мобильного приложения). Это не только повышает интерес к профессиям, но и развивает у обучающихся уверенность в своих возможностях.

Заместитель директора может внедрить проект «Профессии будущего глазами учеников», в рамках которого школьники создают мультимедийные презентации, подкасты или короткие видеоролики, используя инструменты искусственного интеллекта для генерации изображений, текста и звука. Такая работа формирует творческое мышление и показывает, как ИИ может быть помощником в любой сфере деятельности.

Не менее значимым направлением является организация сетевого взаимодействия с вузами и предприятиями, использующими ИИ. Онлайн-встречи с инженерами, программистами, дизайнерами, специалистами по анализу данных позволяют ученикам напрямую узнавать о тенденциях рынка труда и требованиях к компетенциям будущего.

Особое внимание следует уделить педагогическому сопровождению: важно обучать учителей методам использования ИИ в воспитательном и образовательном процессах. Педагог должен уметь работать с цифровыми платформами, понимать основы искусственного интеллекта, чтобы грамотно направлять учеников.

Кроме того, можно внедрять элементы искусственного интеллекта в систему мониторинга профориентационной работы: анализировать вовлечённость учеников, эффективность мероприятий, динамику интересов. Это позволит заместителю директора строить работу не интуитивно, а на основе реальных данных.

Таким образом, профориентационная работа с использованием искусственного интеллекта становится инновационным направлением воспитательной деятельности школы. Она позволяет соединить интересы учащихся, родителей, педагогов и работодателей, создавая единую систему сопровождения профессионального самоопределения личности. Искусственный интеллект становится не просто технологией, а инструментом формирования будущего поколения, готового к жизни и труду в условиях стремительно развивающегося цифрового общества.

Литература:

1. Андреева И. В. Цифровая трансформация образования: возможности и вызовы. – Москва: Просвещение, 2023.

2. Белова Н. С. Искусственный интеллект в современном образовании. – Санкт-Петербург: Лань, 2024.

3. Казанцева Е. П. Профориентация школьников в условиях цифровизации. – Екатеринбург: УрФУ, 2022.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚОЛДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ БАҒДАР ЖҰМЫСЫ

Аңдатпа: *Мақалада мектепте кәсіби бағдар жұмысының ұйымдастырылуындағы өзекті мәселе цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу жағдайында қарастырылады. Тәрбиелік іс-шаралар жөніндегі мектеп директорының орынбасарының рөлі инновациялық кәсіби бағдар жүйесін құруда, жеке тұлғаға бейімделген тәсілдер, цифрлық құралдар және оқушылардың жобалық әрекеті негізінде жүзеге асырылатыны айқындалады. Жасанды интеллект дәуірінде оқушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастыру мен кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңызы дәлелденеді.*

Кілт сөздер: *кәсіби бағдар, жасанды интеллект, цифрлық сауаттылық, тәрбие жұмысы, болашақ мамандықтар, білім беруді цифрландыру, кәсіби өзін-өзі анықтау, инновациялық технологиялар.*

CAREER GUIDANCE WORK IN THE CONTEXT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IMPLEMENTATION

Abstract: *This article addresses the current challenges of organizing career guidance work in schools in the context of digitalization and the implementation of artificial intelligence technologies. The role of the deputy principal for educational work in creating an innovative career guidance system, based on personalized approaches, digital tools, and students' project activities, is highlighted. The importance of developing students' digital literacy and professional self-determination in the era of artificial intelligence is justified.*

Keywords: *career guidance, artificial intelligence, digital literacy, educational work, professions of the future, digitalization of education, professional self-determination, innovative technologies.*

Сапашев Ержан Оразбаевич
Тарих пәні мұғалімі педагог–модератор
Абай облысы білім басқармасының Жарма аудандық білім бөлімінің
«Д.Калматаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Абай облысы, Жарма ауданы

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН ТЕСТ: ТҮРЛЕРІ, ӘДІСТЕМЕСІ, ҚОЛДАНЫЛУЫ

***Аннотация**. Мақалада Қазақстан тарихы пәнін оқытуда тестілеудің рөлі, оның түрлері мен әдістемелік ерекшеліктері және оқу процесінде тиімді қолдану жолдары талданады. Тест тапсырмалары оқушылардың білімін тексерудің заманауи әрі объективті құралы ретінде қарастырылып, тарихи білімнің сапасын арттырудағы маңызы айқындалады. Автор тарихи материалды меңгерудің ерекшеліктерін, логикалық және хронологиялық ойлауды бағалауда тест әдісін қолданудың тиімді жақтарын ғылыми-публицистикалық тұрғыдан сипаттайды. Сонымен қатар, тест тапсырмаларының түрлерін дұрыс құрастыру мен оларды оқыту әдістемесіне сәйкестендіру мәселелері талқыланып, тарих пәні мұғаліміне арналған нақты ұсыныстар беріледі.*

***Кілт сөздер**: Қазақстан тарихы, тест, бағалау әдістемесі, оқу жетістігі, білім сапасы, тарихи ойлау, хронология, педагогикалық диагностика, тестілеу технологиясы.*

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың білімін объективті бағалау мәселесі ерекше назарда тұр. Қазақстан тарихы пәнін оқыту үдерісінде тестілеу әдісі оқушылардың білім, дағды және құзыреттерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін маңызды құрал ретінде қарастырылады. Тест тапсырмаларының тиімділігі олардың құрылымдық нақтылығында, мазмұндық дәлдігінде және білім деңгейін өлшеудің ғылыми негізделген жүйесінде. Тест тек бағалау құралы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың білімін жүйелеуге, тарихи оқиғаларды хронологиялық ретпен есте сақтауға және логикалық ойлауды дамытуға ықпал ететін педагогикалық әдіс болып табылады.

Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны ғасырлар қойнауындағы маңызды оқиғалар мен тұлғалардың өмірі, тарихи процестердің себеп-салдарлық байланыстары арқылы қалыптасады. Бұл пәнді оқыту барысында тек фактологиялық ақпаратты меңгеру жеткіліксіз, оқушы тарихи деректерді талдап, логикалық байланыс орната білуі тиіс. Мұндай қабілеттерді дамытуда тест тапсырмаларының орны ерекше. Себебі, тест сұрақтары арқылы мұғалім тек есте сақтау қабілетін ғана емес, оқушының түсіну, талдау, салыстыру, қорытынды жасау деңгейін де анықтай алады. Осы тұрғыдан алғанда тест тарих пәнін оқытудың ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Тест түрлерінің көпқырлылығы мұғалімге оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмаларды саралап таңдауға мүмкіндік береді. Жалпы білім беруде кеңінен қолданылатын тест түрлеріне жабық тесттер (бір дұрыс жауапты таңдауға арналған), ашық тесттер (оқушының өз ойын жазбаша жеткізуін талап ететін), сәйкестендіру, реттік тесттер (оқиғаларды хронологиялық ретке келтіру), дұрыс немесе бұрыс пайымдау тесттері, сондай-ақ интеграциялық сипаттағы кешенді тесттер жатады. Тарих пәні үшін ең тиімді түрі – аралас форматтағы тесттер, себебі олар оқушының есте сақтау, талдау және ой қорыту қабілеттерін қатар тексереді. Мысалы, бір тест сұрағында оқиғаның атауын білу талап етілсе, келесісінде сол оқиғаның тарихи маңызын немесе салдарын анықтау сұралады.

Тест әдістемесін дұрыс ұйымдастыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне және дидактикалық мақсаттарды нақты айқындай алуына байланысты. Тест құрастыру кезінде білім мазмұнының негізгі компоненттері ескерілуі тиіс: фактілер, хронология, ұғымдар, себеп-салдар

байланыстары және тарихи деректерді талдау қабілеті. Мысалы, 6-сынып оқушыларына арналған тесттерде ежелгі дәуір мен орта ғасырлар тарихына қатысты қарапайым фактілер сұралса, жоғары сыныптарда күрделі аналитикалық сипаттағы сұрақтар енгізіледі. Бұл оқушының білім деңгейіне сәйкес сараланған тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тест әдісін оқыту процесінде қолданудың тағы бір маңызды қыры – оның кері байланыс құралы ретінде қызмет етуі. Мұғалім тест нәтижелерін талдау арқылы оқушылардың қай тақырыптарды қиындықпен меңгергенін анықтап, сол бағытта түзету жұмыстарын жүргізе алады. Бұл білім сапасын арттырудың ең тиімді формаларының бірі. Сонымен қатар тест нәтижелері оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырып, динамикалық бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл мұғалімнің сабақ жоспарын жетілдіруге, ал оқушының өз білімін бағалауға және рефлексия жасауға ықпал етеді.

Қазақстан тарихын оқытудағы тест әдістемесінің ерекшелігі оның мазмұндық кеңдігіндегі және ұлттық сипаттағы материалдарға сүйенуінде. Тарихи оқиғалар мен деректерді қамтитын тесттер оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастыруға, ел тарихына құрметпен қарауға тәрбиелейді. Мысалы, Қазақ хандығының құрылуы, Тәуелсіздік жылдарындағы саяси реформалар немесе Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық батырлар туралы тест сұрақтары тек білімді тексеру емес, рухани-адамгершілік тәрбие беру құралы ретінде де маңызды рөл атқарады. Осылайша тест тапсырмалары танымдық және тәрбиелік функцияларды қатар атқарады.

Тест әдісін дұрыс қолдану үшін оның дидактикалық сапасына ерекше назар аудару қажет. Әр тест тапсырмасы мазмұн жағынан нақты, сұрақ тұжырымы түсінікті және жауабы даусыз болуы тиіс. Көп жағдайда тест құрастыру кезінде жиі кездесетін қателіктердің бірі – сұрақтардың екіұшты немесе шамадан тыс фактілік бағытта болуы. Мұндай жағдайда оқушының ойлау қабілеті емес, механикалық есте сақтау ғана бағаланады. Сондықтан тарих пәні мұғалімі тест сұрақтарын дайындағанда когнитивтік деңгейлерді (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) қамтуды басты қағида етіп алуы тиіс.

Қазіргі таңда тестілеу ақпараттық технологиялармен тығыз байланыста дамып келеді. Электрондық форматтағы тесттер мен онлайн платформалар білім сапасын бағалауды жылдам әрі ыңғайлы етеді. Google Forms, Kahoot, Quizizz сияқты құралдар арқылы мұғалімдер оқушылардың білімін бір сәтте тексеріп, нәтижелерін автоматты түрде көре алады. Мұндай технологиялық шешімдер тек уақыт үнемдеуге ғана емес, тесттің интерактивті сипатын күшейтуге де мүмкіндік береді. Сонымен қатар, электронды тесттер визуалды элементтерді – карталар, суреттер, кестелер мен диаграммаларды қамту арқылы тарих пәнін оқытуды қызықты әрі тиімді етеді.

Тарих пәнінде тестілеуді қолдану оқушылардың аналитикалық және хронологиялық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Хронологиялық реттілікке байланысты тапсырмалар арқылы оқушылар тарихи процестердің даму заңдылықтарын түсінеді. Ал себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға арналған тесттер арқылы оқушылар оқиғалардың мәнін терең ұғынады. Осылайша, тест әдісі тарихи материалды жүйелі түрде меңгеруге жағдай жасап, оқушылардың тарихты өмірмен байланыстыра алу қабілетін арттырады.

Тест әдістемесін тиімді қолданудың тағы бір артықшылығы – оның оқушылардың өзіндік оқу белсенділігін арттыруында. Тест орындау барысында оқушы өз білімін бағалайды, қателіктерін түсініп, оларды түзетуге талпынады. Бұл процесс білім сапасын арттырумен қатар, оқушының жауапкершілігін, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін және уәжін күшейтеді. Мұғалімнің міндеті – тестті жазалау немесе бақылау құралы ретінде емес, оқуға ынталандыратын әрі дамытатын құрал ретінде қолдану.

Сонымен қатар тест тапсырмалары мұғалімге оқыту нәтижелерін сандық түрде өлшеуге мүмкіндік береді, бұл оқу сапасын талдаудың ғылыми дәлдігін қамтамасыз етеді. Мұндай деректер білім беру процесін жетілдірудің негізі болып табылады. Әдістемелік тұрғыда дұрыс құрастырылған тесттер оқушылардың оқу жетістігін айқын көрсетіп қана қоймай, мұғалімнің

кәсіби өсуіне де ықпал етеді. Өйткені әрбір тест педагогикалық талдаудың және өзіндік рефлексияның негізіне айналады.

Қорытындылай келе, Қазақстан тарихы пәнінен тест түрлерін, әдістемесін және қолданылу жолдарын тиімді ұйымдастыру – оқушылардың білім сапасын арттырудың, тарихи ойлау қабілетін дамытудың және оқу үдерісін жаңғыртудың маңызды тетігі. Тест тапсырмалары тарихты оқытудың сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін ғылыми тұрғыда дәлелденген құрал бола отырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығын арттырады. Тест әдісі тарих мұғалімінің кәсіби қызметінде бағалау мәдениетін қалыптастыратын, білім беру мазмұнын сапалы басқарудың заманауи тетігіне айналғаны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалиев С. Оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамыту жолдары. – Алматы: Рауан, 2019. – 140 б.
2. Bloom B. Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. – New York: Longman, 1956.
3. OECD. Education Assessment Framework 2030: Assessment for Learning. – Paris: OECD Publishing, 2023.
4. Құсайынова А.М. Тарих сабағында ақпараттық технологияларды қолдану әдістері. – Алматы: Дарын, 2021. – 120 б.

ТЕСТИРОВАНИЕ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: ВИДЫ, МЕТОДИКА, ПРИМЕНЕНИЕ

Аннотация: *В статье рассматривается роль тестирования при обучении предмету «История Казахстана», его виды и методические особенности, а также пути эффективного использования в учебном процессе. Тестовые задания рассматриваются как современное и объективное средство проверки знаний учащихся и подчеркивается их значение для повышения качества исторического образования. Автор описывает особенности усвоения исторического материала и эффективность применения тестового метода при оценке логического и хронологического мышления с научно-публицистической позиции. Также обсуждаются вопросы правильного составления видов тестовых заданий и их адаптации к методике преподавания, приводятся конкретные рекомендации для учителей истории.*

Ключевые слова: *история Казахстана, тест, методика оценки, учебные достижения, качество образования, историческое мышление, хронология, педагогическая диагностика, технология тестирования.*

TESTING IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN: TYPES, METHODOLOGY, AND APPLICATION

Abstract: *This article examines the role of testing in teaching the History of Kazakhstan, its types and methodological features, as well as effective ways of implementing it in the educational process. Test assignments are considered a modern and objective tool for assessing students' knowledge, highlighting their importance in improving the quality of historical education. The author describes the features of mastering historical material and the effectiveness of using tests to evaluate logical and chronological thinking from a scientific and journalistic perspective. Issues related to the proper design of different types of test tasks and their alignment with teaching methodology are discussed, and specific recommendations for history teachers are provided.*

Keywords: *History of Kazakhstan, test, assessment methodology, academic achievement, education quality, historical thinking, chronology, pedagogical diagnostics, testing technology.*

Асаева Жанар Хайруллаевна
Қазақ тілі мен қазақ әдебиет пәні мұғалімі
Песчан №1 орта жалпы білім беретін мектебі
Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Песчан ауылы

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. *Мақалада қазақ тілін оқытуда диалогтік оқытудың маңызы мен тілдік ортаны қалыптастырудағы рөлі қарастырылған. Автор диалогтік оқыту тәсілінің оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырудағы тиімділігін, сондай-ақ қарым-қатынас мәдениетін дамытудағы педагогикалық әлеуетін талдай отырып, орыс сыныптарында қазақ тілін оқытуда тілдік орта қалыптастырудың әдістемелік тетіктерін көрсетеді. Мақалада диалогтік әрекет арқылы оқушының тілге деген қызығушылығын ояту, коммуникативтік дағдыларын жетілдіру және қазақ тілінде еркін сөйлеу қабілетін қалыптастыру жолдары кеңінен баяндалады.*

Кілт сөздер: *диалогтік оқыту, тілдік орта, коммуникативтік құзырет, қазақ тілі, сөйлеу мәдениеті, әдістеме, тұлғааралық қарым-қатынас.*

Қазақ тілін меңгеру – тек тілдік білімді игеру ғана емес, сонымен қатар мәдени-танымдық кеңістікке ену, ұлттық болмысты тану және қоғаммен өзара әрекеттесу үдерісі. Әсіресе орыс тілді сыныптарда қазақ тілін оқыту барысында оқушының бойында тілге деген табиғи қызығушылық пен қажеттілікті ояту – мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Бұл тұрғыда тілдік ортаны қалыптастыру ең өзекті мәселенің бірі саналады, өйткені тіл тек теориялық білім арқылы емес, тәжірибелік қарым-қатынас арқылы дамиды. Оқушының қазақ тілінде еркін сөйлей білуі мен ойын жеткізе алуы – оның білім сапасының ғана емес, тілдік ортада өзін сенімді сезінуінің көрсеткіші.

Тілдік ортаны қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі – диалогтік оқыту технологиясы. Бұл әдіс оқушылардың өзара және мұғаліммен тікелей байланысын қамтамасыз етіп, оқу үдерісін жандандырады. Диалогтік оқыту барысында оқушы тек тыңдаушы немесе орындаушы емес, белсенді тұлғаға айналады. Ол өз пікірін айтуға, сұрақ қоюға, дәлел келтіруге, қарсы пікірге жауап беруге үйренеді. Мұндай тәсіл тіл үйренушілердің психологиялық кедергілерін жойып, еркін сөйлеуге мүмкіндік береді. Диалог барысында қалыптасқан сенімді қарым-қатынас оқушының бойында тілге деген оң көзқарас пен қызығушылық тудырады.

Диалогтік оқытудың негізінде әрбір оқушының жеке тәжірибесіне, ой-пікірі мен сезіміне құрметпен қарау жатыр. Мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік пен өзара түсіністік оқыту үдерісінің табысты болуына тікелей әсер етеді. Оқушылар өзара сөйлесу арқылы тек грамматикалық құрылымдарды емес, нақты өмірлік жағдаяттарда қолданылатын сөйлеу үлгілерін меңгереді. Мәселен, сабақта «дүкенде сөйлесу», «қоғамдық көліктегі әңгіме», «қонақта болу» сияқты жағдаяттар арқылы ұйымдастырылған диалогтар оқушының тілді табиғи ортада қолдану дағдысын дамытады. Мұндай жұмыстар нәтижесінде қазақ тілінің коммуникативтік қызметі артып, оқушылардың тілдік белсенділігі күшейеді.

Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысы ең алдымен тыңдау және жауап беру әрекеттері арқылы қалыптасады. Диалогтік оқыту осы екі процесті біріктіре отырып, тілдік қатынасты нақты өмірмен ұштастырады. Мысалы, сабақта мұғалім тақырыпқа байланысты проблемалық сұрақ қоя отырып, оқушыларды өз ойларын еркін айтуға итермелейді. «Сенің ойыңша неге қазақ тілін білу маңызды?» немесе «Қазақ тілінде сөйлегенде қандай қиындықтар туындайды?» деген сұрақтар арқылы оқушы өзіндік пікір білдіреді, сонымен бірге тілдік белсенділікке

тартылады. Осы сәтте мұғалім түзетуші және бағыттаушы рөл атқарып, диалогтың табиғи арнада өрбуін қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін диалог арқылы үйрету барысында мұғалім тек грамматикалық ережелерді түсіндіруші емес, тілдік жағдайды ұйымдастырушы тұлға болуы тиіс. Ол үшін сабақ барысында жұптық және топтық жұмыстар, пікірталастар, рөлдік ойындар, сұхбаттар ұйымдастыру маңызды. Бұл оқушылар арасындағы тілдік өзара әрекетті белсендіреді және әрбір қатысушыны тілдік ортаға тартады. Мәселен, «Біз мектепті қалай өзгертеміз?», «Қазақ тілін үйренудің қызықты тәсілдері», «Қазақша сөйлейік!» сияқты тақырыптарда өткізілген пікірталастар оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыта отырып, қазақ тілінде еркін ой қозғауға мүмкіндік береді.

Тілдік ортаны қалыптастыру тек сабақ уақытымен шектелмеуі тиіс. Қазақ тілін үйренудің табыстылығы оқушылардың сабақтан тыс уақытта да тілді қолдануымен тығыз байланысты. Осы мақсатта мұғалім қазақ тіліндегі клубтар, театрландырылған көріністер, жаңалықтар бұрышы, мектепішілік викториналар сияқты бейресми іс-шаралар ұйымдастыра алады. Мұндай ортада оқушылар өздерін еркін сезінеді, тілді өмірлік қарым-қатынас құралы ретінде қабылдай бастайды. Бұл тәсіл олардың тілге деген эмоционалдық қатынасын арттырып, әлеуметтік мотивациясын күшейтеді. Сонымен қатар бейресми ортада тілдік қарым-қатынастың табиғилығы артып, оқушының спонтанды сөйлеу қабілеті дамиды. Сабақтағы дайын үлгілерден тыс, өмірлік жағдайларда тіл қолдану мүмкіндігі оқушының сөздік қорын кеңейтеді және тілдік икемін қалыптастырады. Мұғалім оқушыларды күнделікті өмірдегі қарапайым диалогтарға, мектеп жаңалықтарын қазақша айтуға, шағын сахналық қойылымдарда өз рөлін шынайы орындауға баули отырып, олардың тілдік әрекетін жандандырады. Осындай ортада тіл оқытудың мақсаты тек грамматиканы меңгерту емес, өз ойын қазақ тілінде еркін, сенімді жеткізуге үйрету екенін оқушылар нақты сезінеді. Тілдік орта неғұрлым шынайы және белсенді болған сайын, оқушының тілге деген қызығушылығы мен қарым-қатынас жасау қабілеті де соғұрлым жоғары деңгейде дамиды.

Қазіргі таңда педагогикада «оқушы – оқу үдерісінің орталығы» деген қағида кеңінен мойындалған. Диалогтік оқыту осы қағиданы нақты жүзеге асырудың тиімді жолы болып табылады. Себебі ол оқушыны білімді дайын күйде қабылдаушыдан, оны бірлесіп құрастырушы тұлға дәрежесіне көтереді. Мұндай жағдайда білім тек когнитивтік емес, әлеуметтік үдеріс ретінде де қалыптасады. Оқушылар бір-бірімен өзара әрекеттесе отырып, ой бөліседі, талқылайды, жаңа шешімге келеді. Бұл үдеріс тек тілдік білімді ғана емес, әлеуметтік және тұлғалық құзыреттілікті де дамытады.

Диалогтік оқыту арқылы қалыптасқан тілдік ортада оқушылар тілге деген құрмет сезімін, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты бойларына сіңіреді. Қазақ тілін меңгеру тек лексикалық және грамматикалық ережелерді білу емес, сонымен қатар қазақ халқының дүниетанымын түсіну, ұлттық құндылықтарды қабылдау және мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын болу екенін ұғыну қажет. Мұғалім сабақ барысында халық ауыз әдебиеті үлгілерін, мақал-мәтелдерді, ұлттық дәстүрлерге байланысты мәтіндерді пайдалану арқылы оқушы санасына ұлттық болмыстың мәнін сіңіреді.

Тілдік ортаны қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды да тиімді пайдалану маңызды. Бүгінгі оқушының қызығушылығы цифрлық кеңістікпен тығыз байланысты болғандықтан, мұғалім онлайн платформаларда қазақ тіліндегі сөйлесу жаттығулары мен бейнероликтерді қолдана отырып, тілдік тәжірибені кеңейте алады. Мысалы, оқушылар әлеуметтік желілерде қазақ тілінде пікір жазып, бейнежобалар әзірлеп немесе онлайн сұхбаттар ұйымдастыру арқылы тілдік дағдыларын шыңдайды. Мұндай тәсіл олардың сөйлеу мәдениетін заманауи форматта дамытады және тілдің күнделікті өмірдегі қолданысын арттырады.

Қорытындылай келе, диалогтік оқыту қазақ тілін меңгертудің заманауи әрі тиімді жолы болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың бойында тілдік және мәдени құзыреттілікті қалыптастырады. Диалогтік қарым-

қатынасқа негізделген тілдік орта – оқушының тілді өмірлік қажеттілік ретінде сезінуіне, еркін әрі сенімді сөйлеуіне жағдай жасайды. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық көзқарасы арқылы ұйымдастырылған осындай оқыту үдерісі тілдің қоғамдық беделін арттырып, жастардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Демек, диалогтік оқыту тек әдістемелік тәсіл емес, ол – тілдің дамуы мен ұлттың рухани бірлігін нығайтатын пәрменді құрал.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана: ҚР БҒМ, 2023.
2. Мерсер Н., Литлтон К. Диалог и развитие мышления. – М.: Педагогика, 2010.
3. Нұржанова Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Арман, 2020.
4. Mercer N., Howe C. Explaining the dialogic teaching approach. – Educational Review, 2016, Vol. 68(4), p. 366–385.

ФОРМИРОВАНИЕ ЯЗЫКОВОЙ СРЕДЫ ЧЕРЕЗ ДИАЛОГИЧЕСКОЕ ОБУЧЕНИЕ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация:

В статье рассматривается значимость диалогического обучения при преподавании казахского языка и его роль в формировании языковой среды. Автор анализирует эффективность диалогического подхода в повышении языковой компетентности учащихся, а также педагогический потенциал в развитии культуры общения, демонстрируя методические механизмы формирования языковой среды при обучении казахскому языку в русских классах. В статье подробно рассматриваются пути пробуждения интереса учащихся к языку через диалогическую деятельность, развития коммуникативных навыков и формирования способности свободно говорить на казахском языке.

Ключевые слова: *диалогическое обучение, языковая среда, коммуникативная компетентность, казахский язык, культура речи, методика, межличностное общение.*

CREATING A LANGUAGE ENVIRONMENT THROUGH DIALOGIC TEACHING IN KAZAKH

Abstract:

This article explores the significance of dialogic teaching in Kazakh language instruction and its role in establishing a language environment. The author analyzes the effectiveness of the dialogic approach in enhancing students' linguistic competence and its pedagogical potential in developing communication culture, highlighting methodological mechanisms for forming a language environment when teaching Kazakh in Russian-language classes. The article elaborates on ways to stimulate students' interest in the language through dialogic activities, develop communicative skills, and cultivate the ability to speak Kazakh fluently.

Keywords: *dialogic teaching, language environment, communicative competence, Kazakh language, speech culture, methodology, interpersonal communication.*

Серік Дана Қуатқызы
Тарих пәні мұғалімі
Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің
«№7 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аннотация: *мақалада тарих сабағында оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту жолдары қарастырылады. Әр түрлі белсенді әдістер мен инновациялық тәсілдердің тиімділігі мысалдар арқылы көрсетіледі. Автордың тәжірибесінен алынған сабақ үлгісі оқушылардың тарихи фактілерге талдау жасау, дәлелдеу және салыстыру дағдыларын жетілдіруге бағытталған.*

Кілт сөздер: *тарих сабағы, сыни ойлау, дереккөз, талдау, тарихи тұлға, пікірталас, интерактивті әдіс, оқушы белсенділігі, цифрлық технология.*

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – ақпаратты жатқа айту емес, оны талдап, салыстырып, бағалай алатын тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, тарих пәні оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуда ерекше рөл атқарады. Тарих – бұл тек өткеннің шежіресі емес, ол оқушыны дәлелдерге сүйеніп ой түюге, логикалық байланыстар орнатуға, деректерге сын көзбен қарауға үйрететін ғылым.

Тарих пәнінің мазмұны мен оқыту әдістемесі қоғамның сұранысына сәйкес жаңарып келеді. XXI ғасырдағы білім беру жүйесі оқушыны тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны өңдеуші, талдаушы және өз көзқарасын қалыптастырушы тұлға ретінде тәрбиелеуді мақсат етеді. Бұл міндетті орындауда сыни ойлауға негізделген сабақтар ерекше маңызға ие.

Тарих сабағында сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін ең алдымен мұғалімнің сабақты ұйымдастыру тәсілі шешуші мәнге ие. Тарихи деректерді талдау кезінде оқушылардың «неге?», «қалай?», «қандай себептен?» деген сұрақтар қоюын ынталандыру қажет. Мұндай тәсіл баланың зерттеушілік қабілетін оятады және тарихи фактілерге тек дайын жауап ретінде емес, жеке көзқараспен қарауға жетелейді.

Сабақ барысында дискуссия, пікірталас, тарихи жағдайларды модельдеу, “Сыни сұрақтар әдісі”, “Венн диаграммасы”, “Инсерт” және “Кубизм” әдістерін тиімді қолдануға болады. Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбын өткенде оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа тарихи тұлғаның рөлін беру — олардың деректермен жұмыс істеу дағдыларын, өз көзқарасын дәлелдеуді және қарсы пікірді тыңдай білуді дамытады.

Сыни ойлаудың маңызды құрамдас бөлігі – тарихи деректермен жұмыс жасау мәдениеті. Оқушылар дереккөздердің шынайылығын бағалай білуді үйренуі тиіс. Ол үшін мұғалім тарихи құжаттар, карталар, замандастардың естеліктері, фото және бейнематериалдар сияқты түрлі ақпарат көздерін ұсынуы қажет. Осы материалдарды салыстыру арқылы оқушылар әрбір оқиғаның бірнеше қырын түсініп, өзіндік қорытынды жасайды.

Мен өз тәжірибемде “Дерек пен дереккөз” атты интерактивті сабақ ұйымдастырдым. Сабақтың басында тарихи кезең туралы қысқаша бейнеролик көрсетіліп, одан кейін оқушыларға екі түрлі дерек ұсынылды: бірі – замандас куәгердің пікірі, екіншісі – кейінгі тарихшының бағасы. Балалар бұл деректердің айырмашылығын, себеп-салдарын талдап, қайсысы объективті деп санайтынын дәлелдеді. Мұндай жұмыс оқушылардың логикалық, талдау және дәлелдеу дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, тарих сабақтарында цифрлық технологияларды енгізу – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолы. Мысалы, интерактивті карталар, хронологиялық сызбалар құру, тарихи викториналар мен онлайн-тесттер қолдану оқушының пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Осындай

технологиялар арқылы білім тек ақпарат алу құралы емес, өз бетінше ізденіс жасау алаңына айналады.

Тарих пәнін оқытудағы басты міндеттердің бірі – оқушыларды тарихи сананы қалыптастыруға баулу. Тарихи сана – бұл адамның өткенге деген көзқарасы, тарихи оқиғаларды бағалай білу және қазіргі заманды түсінуге мүмкіндік беретін дүниетанымдық қабілет. Сыни тұрғыдан ойлау осы сананы қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады, өйткені ол оқушыны деректер мен пікірлер арасындағы айырмашылықты аңғаруға, себеп пен салдарды байланыстыра білуге, тарихи фактілерге дәлелді көзқараспен қарауға үйретеді.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін мұғалім тарих сабағын дәстүрлі баяндау формасынан шығармашылық зерттеу форматына көшіруі керек. Мысалы, «Орта ғасырлардағы Қазақстан қалалары» тақырыбында оқушыларды шағын топтарға бөліп, әр топқа өз қаласын (мысалы, Түркістан, Тараз, Отырар) зерттеу және сол қаланың «елшісі» ретінде қорғау тапсырмасын беруге болады. Мұндай әдіс арқылы оқушылар тек мәлімет жинап қоймай, оны талдап, өз ойын логикалық түрде жеткізуді, тарихи дәлелдер келтіруді үйренеді. Сонымен қатар, жобалық әдіс тарих сабағын өмірмен байланыстырудың тиімді тәсілі. Мысалы, «Менің туған өлкемнің тарихы» атты шағын зерттеу жобасы оқушыларды жергілікті тарихи тұлғалар мен оқиғаларды зерттеуге ынталандырады. Бұл бағыт оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамытып қана қоймай, өз туған жеріне деген патриоттық сезімін күшейтеді.

Мұғалім сабақты жоспарлауда эмоциялық интеллекті де ескергені жөн. Тарих – эмоцияға толы пән, себебі әр оқиғада адамның тағдыры, күресі, сезімі бар. Сабақ барысында деректерді жай айтып қана қоймай, сол кезеңнің атмосферасын сезіндіру – оқушыны терең ойлануға итермелейді. Мысалы, Ұлы Отан соғысы тақырыбында ардагерлердің естеліктерін тыңдату, фотосуреттер мен хаттарды көрсету оқушыларға тарихи оқиғаны жүрекпен сезінуге мүмкіндік береді.

Тарих сабағында геймификация (ойын элементтерін енгізу) тәсілін қолдану да тиімді нәтиже береді. “Тарихи квест”, “Кім жылдам табады?”, “Тарихи тұлғаны тап” сияқты ойындар оқушылардың зейінін арттырып, командалық рухты қалыптастырады. Мұндай әдістер арқылы оқушылар тарихты тек есте сақтамайды, оны қызығушылықпен зерттейді.

Білімді бағалау жүйесінде де жаңашылдық қажет. Дәстүрлі тесттермен қатар, шығармашылық эссе, тарихи кейіпкерлер атынан хат жазу, интерактивті постер немесе инфографика жасау сияқты бағалау түрлері оқушылардың танымдық қабілетін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, тарих сабағы тек өткенді баяндау емес, ойлануға, талдауға және болашақты бағдарлауға үйрететін интеллектуалдық алаң болуы тиіс. Мұғалімнің шеберлігі – тарихи фактілерді бүгінгі өмірмен байланыстырып, оқушының санасында мағыналы білім қалыптастыруда.

Сабақтың қорытынды кезеңінде “Рефлексия” әдісін қолдану маңызды. Оқушы өз ойын, алған әсерін, ең бастысы, не үйренгенін айта отырып, өзінің жеке оқу нәтижесін бағалауды үйренеді. Бұл тәсіл тарих сабағын тек білім беру емес, тұлғалық дамудың құралына айналдырады. Тарих пәні оқушылардың аналитикалық және бағалау дағдыларын дамытуда ерекше рөлге ие. Сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған сабақтар оқушыларды дербес ойлауға, дәлелмен сөйлеуге және тарихи шындыққа әділ көзқараспен қарауға үйретеді. Мұғалімнің міндеті – оқушыны дайын ақпаратпен шектемей, өз бетінше талдау және тұжырым жасауға жетелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіғаппарова Г. «Тарих сабағында оқушылардың сыни ойлауын дамыту». – Алматы, 2021.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жалпы білім берудің мемлекеттік стандарты. – Астана, 2022.

3. Paul, R. & Elder, L. *The Miniature Guide to Critical Thinking.* – California: Foundation for Critical Thinking, 2020.

Калиакбарова Карашаш Балкеновна
Бастауыш сынып мұғалімі
Көркем ауылының негізгі орта мектебі
Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Көркем ауылы

ЖҰМБАҚТАР МЕН ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ӘЛЕМІ

Аннотация: *мақалада бастауыш сыныптағы оқу процесінде жұмбақтар мен логикалық есептерді қолданудың маңызы қарастырылады. Жұмбақтардың тілдік және мәдени тәрбиедегі рөлі, логикалық есептердің ойлау қабілетін дамытудағы қызметі сипатталады. Оқытуда халық шығармашылығы мен заманауи әдістерді ұштастырудың тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденеді. Автор жұмбақтар мен логикалық тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық, аналитикалық және коммуникативтік қабілеттерінің артуына ықпал ету жолдарын ұсынады.*

Кілт сөздер: *жұмбақтар, логикалық есептер, бастауыш сынып, танымдық белсенділік, шығармашылық қабілет, халық ауыз әдебиеті, ойлау мәдениеті, функционалдық сауаттылық, ойын технологиясы, педагогикалық әдістер.*

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты бағыты — оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, логикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда бастауыш сыныптағы оқу-тәрбие процесінде жұмбақтар мен логикалық есептер ерекше рөл атқарады. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай таңдалған жұмбақтар мен логикалық тапсырмалар олардың ой-өрісін кеңейтеді, тілдік қорын байытады, өз ойын жүйелі түрде жеткізуге үйретеді.

Жұмбақ — қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ауыз әдебиетінің бір түрі, халық даналығының айнасы. Ол арқылы бала табиғат құбылыстарын, тұрмыстық заттарды, жан-жануарлар мен адам өмірінің түрлі жақтарын бейнелі түрде танып біледі. Ал логикалық есептер баланың ақыл-ой қабілетін, салыстыру, талдау және жинақтау дағдыларын қалыптастырады. Осы екі элементті — халық шығармашылығы мен математикалық логиканы — сабақ процесінде ұтымды біріктіре қолдану оқытудың тиімділігін арттырады.

Жұмбақтар мен логикалық тапсырмаларды қолдану барысында мұғалім тек білім беруші емес, оқушыларды ойлануға, ізденуге жетелейтін бағыт беруші тұлға рөлін атқарады. Әсіресе, бастауыш мектеп кезеңінде бұл тәсілдің танымдық, тәрбиелік және дамытушылық маңызы зор. Себебі осы жастағы балалардың ойлауы көрнекі-бейнелі сипатта болып, олар нақты заттар мен құбылыстар арқылы ой қорытады. Сондықтан жұмбақтың бейнелілігі мен логикалық есептің нақты шешім іздеуге бағытталған табиғаты баланың психологиялық ерекшелігіне сай келеді.

Жұмбақтарды қолданудың дидактикалық мәні — баланың тілін дамыту, қоршаған ортаны танып білу қабілетін арттыру және салыстыра ойлау дағдыларын қалыптастыру. Мысалы, табиғат құбылыстарына, жануарларға, жыл мезгілдеріне арналған жұмбақтар арқылы оқушылар табиғат заңдылықтарын, жан-жануарлардың тіршілігін, еңбек пен тұрмыс мәдениетін меңгереді. Ал логикалық есептер арқылы олар себеп-салдар байланыстарын анықтауға, дәлелдеуге және нақты шешім қабылдауға дағдыланады.

Логикалық есептер мен жұмбақтардың синтезі – оқыту процесінде оқушының танымдық белсенділігін арттырудың ең тиімді жолдарының бірі. Бұл тәсіл оқушыларды стандартты емес ойлауға, өз бетінше қорытынды жасауға үйретеді. Мысалы, математика сабағында мұғалім сандық қатынастарға құрылған жұмбақ түріндегі есептерді қолданса, оқушы әрі тілдік, әрі логикалық ойлау әрекетіне тартылады. Мұндай тапсырмалар оқушының зейінін тұрақтандырып, қызығушылығын арттырады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, жұмбақ шешу процесі баланың аналитикалық және синтетикалық ойлау механизмін дамытады. Әрбір жұмбақтың астарында шынайы өмірдің бейнесі бар, оны тану үшін оқушы салыстырып, талдап, ойша модель жасайды. Ал бұл әрекет – логикалық операциялардың негізгі компоненті. Сондықтан да, жұмбақтар баланың когнитивтік қабілеттерін дамытудың табиғи құралы болып табылады.

Оқытуда жұмбақтар мен логикалық есептерді жүйелі қолдану бірнеше нәтижеге қол жеткізеді:

1. **Логикалық ойлаудың қалыптасуы** – бала себеп пен салдарды ажыратуға, болжам жасауға үйренеді.
2. **Шығармашылық белсенділіктің артуы** – оқушылар өз жұмбақтарын ойлап табуға, жаңа шешімдер ұсынуға тырысады.
3. **Тілдік дағдылардың дамуы** – оқушылардың сөздік қоры, сөйлеу мәдениеті, байланыстырып сөйлеу қабілеті артады.
4. **Эмоциялық-ерік сапаларының жетілуі** – табандылық, шыдамдылық, нәтижеге жетуге талпыныс қалыптасады.

Жұмбақтар мен логикалық есептерді оқытуда мұғалімге шығармашылық ізденіс қажет. Тапсырмалар тек жаттығу немесе ойын түрінде емес, проблемалық жағдаяттармен байланысты болуы тиіс. Мысалы, “Жануарлар әлемі” тақырыбында жұмбақтар арқылы табиғат қорғау идеяларын енгізу, “Сандар сөйлейді” бөлімінде логикалық тапсырмалар арқылы есептеу амалдарын өмірлік жағдайлармен байланыстыра үйрету тиімді.

Сабақта қолдануға болатын әдістердің бірі – **ойын технологиясы**. Мысалы, “Жұмбақ шешу эстафетасы”, “Кім жылдам ойлайды?”, “Логикалық көпір” секілді командалық ойындар оқушылардың ынтасын арттырады. Сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану арқылы интерактивті жұмбақтар мен тапсырмаларды ұсыну сабақтың көрнекілігін күшейтеді.

Бастауыш сыныптағы “Жұмбақтар мен логикалық есептер әлемі” атты интегративті бағыт тек қазақ тілі мен математика сабақтарында ғана емес, дүниетану, бейнелеу өнері, еңбекке баулу сияқты пәндерде де қолданыла алады. Мысалы, дүниетану сабағында табиғат құбылыстары туралы жұмбақ шешу арқылы экологиялық сана қалыптастыру, ал еңбек сабағында логикалық тапсырмалар арқылы жоспарлау және орындау қабілетін жетілдіру жүзеге асады.

Білім берудің қазіргі парадигмасы тұлғалық-бағдарлы оқытуға негізделген. Бұл тұрғыда жұмбақтар мен логикалық есептер баланың жеке мүмкіндігін ашуға, танымдық қабілетін дербес дамытуға мүмкіндік береді. Мұғалімнің басты міндеті – осы құралдарды жүйелі, мақсатты және жас ерекшелігіне сай қолдану.

Мен өз тәжірибемде «Логикалық жұмбақтар әлемі» атты кіріктірілген сабақ жүргіздім. Сабақтың басталуында «Музыкалық сәлемдесу» әдісін қолдандым: балалар әуен ырғағына сай өз есімдерін айта отырып, шағын логикалық тапсырмаларға жауап берді. Бұл тәсіл сыныптағы психологиялық ахуалды жақсартып, балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын еркіндетті. Әуен мен ойлау жаттығуларының үйлесімі сабақтың қарқынын арттырып, балаларды белсенді жұмысқа жұмылдырды.

Сабақтың негізгі кезеңінде мен «Жұмбақ шешу арқылы ойлан» және «Суретті логика» әдістерін енгіздім. Мысалы, табиғат тақырыбына арналған жұмбақтар арқылы балалар заттың қасиетін, құрылымын, қызметін анықтап, қорытынды шығару дағдыларын жетілдірді. Ал «логикалық көпір» деп аталатын бөлімде әр оқушы берілген есепті шешіп қана қоймай, өз шешімін сынып алдында дәлелдеді. Мұндай тапсырмалар сыни тұрғыдан ойлау қабілетін күшейтеді және оқушылардың математикалық тілді меңгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, «Жасырын сурет» ойынын қолдандым. Бұл әдісте жұмбақтың шешімі сурет түрінде бейнеленіп, балалар сол суретке қарап өз нұсқаларын ұсынды. Сабақ соңында «Музыкалық қорыту» әдісі арқылы әр бала өз әсерін өлең жолдары немесе шағын әуен түрінде жеткізді. Бұл тәсіл балалардың эмоционалды қабылдауын арттырып, есте сақтау қабілетін дамытады.

Жалпы алғанда, мұндай шығармашылық сипаттағы сабақтар балаларды стандартты ойлау шеңберінен шығарып, өз бетінше шешім қабылдауға, сұрақ қоюға және жауап іздеуге дағдыландырады. Жұмбақтар мен логикалық есептер арқылы бала тек пәндік білім ғана емес, өмірлік тәжірибе де жинақтайды. Бұл – функционалдық сауаттылықтың, танымдық белсенділіктің, және метатанымдық қабілеттердің қалыптасуына апаратын тиімді жол.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, осындай әдістемелік тәсілдерді жүйелі қолданған жағдайда бастауыш сынып оқушыларының ойлау мәдениеті қалыптасып, оқу мотивациясы айтарлықтай артады. Олар өз ойын дәлелді жеткізе білуге, қорытынды жасауға және ақпаратты талдап, жинақтай білуге үйренеді. Бұл өз кезегінде олардың функционалдық сауаттылығын арттырып, болашақ білім алу процесіне берік негіз қалайды.

Қорытындылай келе, жұмбақтар мен логикалық есептер әлемі – тек қызықты ойын немесе уақыт өткізу тәсілі емес, ол – білім берудің инновациялық бағыты. Мұнда ұлттық таным мен заманауи педагогикалық технологиялар үйлесім тауып, баланың тұлғалық дамуына ықпал етеді. Сондықтан да әрбір бастауыш сынып мұғалімі өз тәжірибесінде осы әдістерді тиімді қолдана отырып, оқушылардың интеллектуалдық және рухани әлеуетін дамытуға жол аша алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңы. – Астана, 2023.
2. Ы. Алтынсарин. *Таңдамалы педагогикалық шығармалар.* – Алматы: Білім, 2019.
3. Қараев Ж. *Оқытудың деңгейлеп саралап оқыту технологиясы.* – Алматы: Мектеп, 2021.
4. Тұрғынбаева Б. *Шығармашылық қабілетті дамыту педагогикасы.* – Алматы: Рауан, 2020.
5. Мұхамбетжанова С. *Бастауыш сынып оқушыларында логикалық ойлауды дамыту әдістемесі.* – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2022.

МИР ЗАГАДОК И ЛОГИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

Аннотация: *В статье рассматривается значение использования загадок и логических задач в учебном процессе начальной школы. Описывается роль загадок в языковом и культурном воспитании, а также функция логических задач в развитии мыслительных способностей. Научно обоснована эффективность сочетания народного творчества и современных методов обучения. Автор предлагает способы стимулирования творческих, аналитических и коммуникативных способностей учащихся через применение загадок и логических заданий.*

Ключевые слова: *загадки, логические задачи, начальная школа, познавательная активность, творческие способности, народное творчество, культура мышления, функциональная грамотность, игровые технологии, педагогические методы.*

THE WORLD OF RIDDLES AND LOGICAL PROBLEMS

Abstract: *This article explores the importance of using riddles and logical problems in the primary school learning process. It describes the role of riddles in language and cultural education, as well as the function of logical problems in developing thinking skills. The effectiveness of combining folk creativity with modern teaching methods is scientifically justified. The author suggests ways to enhance students' creative, analytical, and communicative abilities through the use of riddles and logical exercises.*

Keywords: *riddles, logical problems, primary school, cognitive activity, creative skills, folk literature, thinking culture, functional literacy, game-based learning, pedagogical methods.*

Ниязова Зинатбуви Абдуллаевна
Учитель русского языка и литературы
КГУ «Общеобразовательная школа №129» Управления образования города Алматы

ФУНКЦИОНАЛЬНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация: *в статье раскрывается сущность и значение формирования функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы в современной школе. Рассматриваются теоретико-методологические основы понятия «функциональная грамотность», её структура и взаимосвязь с развитием языковой, речевой, коммуникативной и читательской компетенций. Подчеркивается, что уроки русского языка и литературы играют ключевую роль в формировании у учащихся способности использовать язык как средство познания, общения и самовыражения. Обоснована необходимость применения современных педагогических технологий, направленных на развитие критического мышления, интерпретации текста, аргументации, анализа и синтеза информации. Приводятся примеры методических приёмов, обеспечивающих формирование функциональной грамотности в условиях обновленного содержания образования.*

Ключевые слова: *функциональная грамотность, речевая компетенция, коммуникативные умения, читательская грамотность, текстоцентрический подход, метапредметные результаты, русский язык, литература, современное образование, критическое мышление.*

Современное образование находится в постоянном процессе трансформации, отвечая на вызовы времени и потребности общества, ориентированного на знания, коммуникацию и творчество. В этих условиях особое значение приобретает формирование функциональной грамотности школьников, которая рассматривается как интегративное качество личности, обеспечивающее способность использовать приобретённые знания, умения и навыки для решения широкого круга жизненных задач. На уроках русского языка и литературы эта задача имеет особую актуальность, ведь именно родной язык является основой развития мышления, формирования мировоззрения и самовыражения личности.

Функциональная грамотность — это не просто умение читать, писать и считать. Это способность человека понимать прочитанное, использовать полученную информацию в различных жизненных ситуациях, выражать свои мысли грамотно, логично и творчески. Сформированная функциональная грамотность помогает ученику не только успешно учиться, но и адаптироваться в обществе, критически мыслить, анализировать информацию, аргументировать собственную позицию, принимать осознанные решения. Таким образом, функциональная грамотность выступает основным индикатором качества современного образования и отражает готовность выпускника школы к самостоятельной жизни.

Русский язык и литература традиционно играют центральную роль в развитии функциональной грамотности. Через язык ученик познаёт мир, осваивает культуру, учится понимать других и выражать себя. Литературные тексты формируют читательскую, речевую и культурную компетенции, развивают эмоционально-нравственную сферу. На уроках русского языка учащиеся постигают нормы речи, логические связи в тексте, способы передачи информации, овладевают умениями анализа и интерпретации. Всё это составляет основу функционально грамотной личности.

В педагогической практике формирование функциональной грамотности должно происходить системно, через интеграцию всех видов речевой деятельности: чтения, письма, говорения и слушания. Урок русского языка становится не просто местом изучения грамматических правил, а пространством речевого и мыслительного развития. Учитель,

применяя коммуникативно-деятельностный подход, ставит перед учениками задачи, требующие использования языка в реальных или приближённых к реальности ситуациях: написание обращений, составление инструкций, создание эссе, ведение диалога, участие в дискуссиях. При этом важно не только оценивать правильность речи, но и понимать её смысловую, логическую, эмоциональную насыщенность.

Особое внимание следует уделять работе с текстом как основному средству формирования функциональной грамотности. Современные методики предлагают различные формы текстовой деятельности: от анализа художественных произведений до работы с информационными, публицистическими и научно-популярными текстами. Ученик должен научиться находить в тексте необходимую информацию, интерпретировать её, критически оценивать, а также использовать при создании собственных высказываний. В этом смысле уроки русского языка и литературы являются уникальной площадкой для развития критического мышления, медийной и коммуникативной грамотности.

Одним из эффективных направлений работы является внедрение заданий функционального типа, аналогичных тем, что используются в международных исследованиях PISA. Это могут быть тексты с вопросами, требующими анализа, сопоставления, аргументации, формулирования выводов. Например, ученикам предлагается сравнить позиции персонажей, проанализировать речевые средства убеждения, определить отношение автора к описываемым событиям, создать собственный текст на основе предложенной информации. Такие задания развивают у школьников способность рассуждать, обосновывать мнение, аргументировать, делать выводы — именно те качества, которые определяют функционально грамотную личность.

Немаловажное значение имеет и межпредметная интеграция. Развитие функциональной грамотности невозможно без взаимосвязи русского языка с другими учебными дисциплинами. Ученики должны видеть, что язык — это не только предмет, но и средство познания в математике, истории, биологии, обществознании. Составление аннотаций, рефератов, эссе, анализ информации из различных источников способствует расширению кругозора и повышению учебной мотивации. Таким образом, функциональная грамотность выходит за рамки одного предмета, формируя универсальные учебные действия и навыки самообразования.

Отдельного внимания заслуживает формирование читательской грамотности как составляющей функциональной. Литература — предмет, который напрямую связан с развитием умения понимать, анализировать и интерпретировать тексты. Через художественные произведения формируются эстетическое восприятие, эмпатия, способность видеть подтекст, различать позицию автора и героя, делать собственные нравственные выводы. Работа с литературным текстом должна быть направлена не только на пересказ содержания, но и на выявление смыслов, обсуждение моральных проблем, сопоставление с личным опытом учащегося. Такая деятельность формирует глубокое, осмысленное чтение и помогает развивать речевую самостоятельность.

Учителю русского языка и литературы важно создавать образовательную среду, способствующую развитию языковой активности учеников. Это возможно при использовании современных педагогических технологий: проектного обучения, дебатов, ролевых игр, интерактивных платформ, цифровых ресурсов. Например, создание школьного блога или электронного журнала способствует развитию письменной речи, навыков редактирования и информационной культуры. Анализ новостных материалов учит критическому восприятию информации, а участие в литературных конкурсах, дебатах и инсценировках стимулирует творческое самовыражение и коммуникативные способности.

Функциональная грамотность формируется не только на уроках, но и во внеурочной деятельности. Литературные кружки, чтения, театральные постановки, исследовательские проекты дают возможность применять знания в практике, развивать умение работать с информацией, выражать мысли в устной и письменной формах. Важно, чтобы школьники

чувствовали личную значимость участия в таких формах работы, осознавали ценность языка как средства общения и самореализации.

Не менее важно учитывать индивидуальные особенности учащихся. Учителю следует применять дифференцированные задания, позволяющие каждому ребёнку раскрыть свой потенциал. Для одних учеников приоритетным будет развитие грамотной письменной речи, для других — устной коммуникативной компетенции. Использование портфолио, самооценки и рефлексии позволяет ученикам осознавать собственные достижения и зоны роста, что способствует формированию внутренней мотивации и ответственности за результат.

В условиях цифровизации образования особое значение приобретает медиаграмотность как компонент функциональной грамотности. Умение работать с интернет-ресурсами, критически оценивать достоверность информации, создавать собственный медиапродукт — это важные компетенции современного ученика. На уроках русского языка можно использовать тексты из социальных сетей, блогов, новостных порталов, обсуждая их структуру, речевые особенности и этические аспекты. Такая работа формирует у школьников ответственное отношение к слову, развивает культуру общения в цифровой среде.

В заключение следует отметить, что формирование функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы является стратегической задачей современного образования. Это процесс, требующий от учителя высокого профессионализма, гибкости мышления, готовности к инновациям. Учитель становится не просто источником знаний, но и организатором познавательной деятельности, наставником, формирующим личность, способную к самопознанию, саморазвитию и успешной коммуникации в обществе.

Таким образом, развитие функциональной грамотности — это путь к воспитанию человека, умеющего мыслить, чувствовать, общаться и творить. Через слово, текст и язык формируется не только культура речи, но и культура личности, гражданская зрелость и гуманистическое мировоззрение. Именно уроки русского языка и литературы создают основу для этого процесса, соединяя знания, чувства и смысл в единое образовательное пространство.

Использованные литературы:

1. Выготский Л. С. Мышление и речь. — М.: Лабиринт, 2018. — 352 с.
2. Леонтьев А. А. Основы психолингвистики. — М.: Смысл, 2003. — 287 с.
3. Гальперин П. Я. Введение в психологию. — М.: Академия, 2017. — 288 с.
4. Богданова Т. Г. Формирование функциональной грамотности учащихся на уроках русского языка. — М.: Просвещение, 2021. — 144 с.

ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация: *Мақалада қазіргі мектепте қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында функционалды сауаттылықты қалыптастыру мәні мен маңызы ашылады. «Функционалды сауаттылық» ұғымының теориялық-әдістемелік негіздері, оның құрылымы және тілдік, сөйлеу, коммуникативтік және оқу дағдыларын дамытумен байланысы қарастырылады. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарының оқушыларда тілді таным, қарым-қатынас және өзін-өзі білдіру құралы ретінде қолдану қабілетін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратыны атап көрсетіледі. Мәтін интерпретациясы, дәлелдеу, ақпаратты талдау және синтездеу сияқты сыни ойлауды дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық технологияларды қолдану қажеттігі негізделеді. Сондай-ақ, жаңартылған білім мазмұны жағдайында функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдердің мысалдары келтіріледі.*

Түйінді сөздер: *функционалды сауаттылық, сөйлеу құзыреті, коммуникативтік дағдылар, оқу сауаттылығы, мәтінге бағдарланған тәсіл, пәнаралық нәтижелер, қазақ тілі, әдебиет, қазіргі білім, сыни ойлау.*

Журавлева Лариса Александровна
Учитель начальных классов
КГУ "Средняя общеобразовательная школа имени Махмета Кайырбаева" отдела образования Актогайского района, управления образования Павлодарской области
Павлодарская область, Актогайский район

ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СПОСОБ ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ К ОБУЧЕНИЮ

Аннотация: *в статье раскрывается значение игровых технологий как эффективного способа повышения мотивации учащихся к обучению. Рассматриваются психологические и педагогические механизмы влияния игровой деятельности на развитие познавательного интереса, инициативы и ответственности. Показано, что применение игровых форм способствует формированию внутренней мотивации, развитию коммуникативных и социальных навыков, созданию благоприятной эмоциональной атмосферы в образовательном процессе. Особое внимание уделено роли учителя как организатора, способного направлять игру на достижение образовательных целей. Делается вывод о необходимости интеграции игровых технологий в систему школьного образования как средства формирования активной, творческой и конкурентоспособной личности.*

Ключевые слова: *игровые технологии, мотивация, обучение, познавательная активность, педагогика, школа, геймификация, внутренняя мотивация, развитие личности, современное образование.*

Современное образование переживает глубокие трансформации, связанные с цифровизацией, изменением форм коммуникации и переосмыслением роли преподавателя. В этих условиях особое значение приобретает поиск эффективных педагогических технологий, способствующих развитию познавательной активности и мотивации студентов. Одной из наиболее результативных форм организации образовательного процесса сегодня признано использование игровых технологий. Игра, как особая форма человеческой деятельности, сопровождает человека на протяжении всей жизни, оставаясь мощным стимулом к познанию, творчеству и самореализации.

Психологи и педагоги отмечают, что игровая деятельность активизирует мыслительные процессы, способствует развитию воображения, внимания, памяти, формированию умений взаимодействовать, принимать решения и нести ответственность за результат. Применение игровых технологий в обучении позволяет объединить обучение и воспитание, превратить процесс усвоения знаний в увлекательное, эмоционально окрашенное и осмысленное действие. Именно игра становится средством формирования устойчивой учебной мотивации, когда внутренний интерес к познанию вытесняет внешние стимулы.

Мотивация является центральным понятием педагогической психологии, определяющим эффективность образовательного процесса. Мотив учения — это внутренний побудитель деятельности, который направляет обучающихся на активное освоение знаний. В современной педагогике выделяют внутреннюю и внешнюю мотивацию. Внутренняя основана на интересе к самому процессу обучения, на стремлении к саморазвитию, познанию нового. Внешняя связана с поощрениями, оценками, социальными ожиданиями. Игровые технологии воздействуют прежде всего на внутреннюю мотивацию, поскольку создают атмосферу эмоционального подъема, соревновательности и радости познания.

Применение игры в образовательной среде имеет глубокие теоретические корни. Классики педагогики — К. Д. Ушинский, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский — отмечали, что игра является естественной формой обучения, особенно на начальных и средних этапах образования. Л. С. Выготский подчеркивал, что в игре формируется зона ближайшего

развития личности, когда ребенок или ученик действует на пределе своих возможностей, проявляя инициативу и самостоятельность. Таким образом, игра не только обучает, но и развивает личность, формируя социально значимые качества — ответственность, коммуникабельность, инициативность, способность к сотрудничеству.

Игровые технологии в современной педагогике — это система методов и приёмов, основанных на игровой модели взаимодействия между преподавателем и обучающимися. Они могут включать элементы ролевых, имитационных, деловых игр, квестов, соревнований, интерактивных тренингов, образовательных викторин, геймифицированных онлайн-платформ. Главное отличие игровых технологий от традиционных методов состоит в том, что они строятся на принципе активности и вовлечённости, когда учащийся становится не пассивным слушателем, а активным участником учебного процесса.

Одним из преимуществ игровых технологий является их универсальность. Они применимы во всех предметных областях — от гуманитарных до технических дисциплин. В профессиональном образовании, в том числе в системе колледжей, игровые методы позволяют моделировать реальные производственные ситуации, развивать профессиональные навыки и компетенции. Например, будущие специалисты железнодорожной отрасли могут участвовать в симуляционных играх, моделирующих работу диспетчера, машиниста, логиста; учащиеся экономических направлений — в деловых играх по управлению проектами или анализу рынка. Такие формы обучения позволяют ученикам погрузиться в профессиональную среду, проявить инициативу и оценить последствия собственных решений.

Игровые технологии особенно эффективны в формировании **социальных и коммуникативных компетенций**. Через групповую игру учащиеся учатся взаимодействовать, вырабатывать стратегии поведения, договариваться, распределять роли и функции. В этом проявляется педагогический потенциал игры как средства воспитания сотрудничества, взаимопомощи, толерантности и лидерства. Кроме того, игра снимает психологические барьеры, способствует эмоциональной разрядке, формирует положительное отношение к учебной деятельности.

Современные цифровые инструменты значительно расширили возможности игрового обучения. Электронные платформы, такие как *Kahoot*, *Quizizz*, *LearningApps*, *ClassDojo*, *Mentimeter*, позволяют создавать интерактивные тесты, викторины и квесты, стимулирующие познавательную активность учеников. Использование элементов геймификации — рейтингов, баллов, достижений, наград, уровней — превращает процесс обучения в динамичную и увлекательную деятельность. Важно, чтобы цифровые игровые технологии не подменяли смысл образования развлечением, а становились инструментом осознанного обучения, где успех достигается через усилие и познание.

Педагогическая ценность игровых технологий заключается не только в повышении мотивации, но и в развитии критического мышления, творческого подхода, способности к анализу и принятию решений. В процессе игры учащиеся учатся решать проблемные ситуации, прогнозировать результаты, анализировать последствия. Таким образом, игра становится не просто методом активизации внимания, а способом формирования компетентной личности, готовой к профессиональной деятельности и самостоятельному обучению.

Игровые технологии можно условно разделить на три уровня: **дидактические игры**, направленные на усвоение знаний; **имитационные и ролевые игры**, ориентированные на развитие профессиональных умений; и **стратегические игры**, стимулирующие аналитическое и творческое мышление. В колледже такие формы позволяют разнообразить занятия, активизировать учеников и повысить результативность обучения. Например, проведение «деловой игры» по решению производственных задач или создание «учебного стартапа» помогает учащимся применять теоретические знания на практике.

Эффективность игровых технологий во многом зависит от педагогического мастерства преподавателя. Необходимо тщательно продумать сценарий, правила, критерии оценки,

обеспечить баланс между игровыми и образовательными целями. Игра должна быть не самоцелью, а средством достижения конкретных результатов обучения. Преподаватель выступает не как арбитр, а как организатор, модератор, вдохновитель и партнёр по взаимодействию.

Важно также учитывать возрастные и психологические особенности обучающихся. Для учеников колледжа характерны стремление к самовыражению, потребность в признании, желание испытать себя в ситуации успеха. Игра позволяет удовлетворить эти потребности, создавая ситуацию победы, признания, личного роста. Через игровые формы у учеников формируется позитивное отношение к предмету, укрепляется вера в собственные силы, развивается познавательная мотивация.

Результаты педагогических исследований подтверждают, что систематическое использование игровых технологий повышает качество обучения, улучшает атмосферу в группе, способствует росту интереса к учебному процессу и снижает уровень тревожности. В условиях цифровизации образования игра становится эффективным инструментом формирования **soft skills** — навыков коммуникации, сотрудничества, саморегуляции и эмоциональной устойчивости.

Таким образом, игровые технологии не являются просто модным трендом, а представляют собой педагогически обоснованную стратегию обучения, направленную на развитие личности обучающегося. В современном образовательном пространстве, где знания быстро устаревают, важнейшей задачей становится формирование у учеников умения учиться, творчески мыслить, адаптироваться к новым условиям. Игра в этом контексте выступает как естественная форма активного обучения, способствующая саморазвитию, самореализации и социализации.

Следовательно, использование игровых технологий в образовательном процессе колледжа способствует формированию мотивации к обучению, повышению интереса к познавательной деятельности, развитию инициативы и самостоятельности. Игра позволяет объединить обучение, воспитание и развитие в единый процесс, создавая условия для успешного профессионального становления личности.

В эпоху цифровых преобразований игровое обучение становится не только актуальным, но и необходимым инструментом педагогической практики. Оно помогает сделать процесс обучения гибким, динамичным, эмоционально насыщенным и ориентированным на личность. Таким образом, игровые технологии представляют собой мощный ресурс современного образования, открывающий новые горизонты мотивации, творчества и профессионального роста учеников.

Использованные литературы:

1. Мухина В. С. *Возрастная психология*. — М.: Академия, 2018. — 512 с.
2. Кларин М. В. *Инновационные модели обучения в школе*. — М.: Академия, 2010. — 240 с.
3. Селевко Г. К. *Современные образовательные технологии*. — М.: Народное образование, 2016. — 256 с.

Шарипова Айгуль Байтаевна
Әлеуметтік педагог
"Ақын Қабан жырау атындағы мектеп жанындағы шағын орталығы бар орта мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жетісу облысы Көксу ауданы Ақтекше ауылы

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНА БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация

Мақалада толық емес отбасылардың әлеуметтік-педагогикалық мәселелері және олармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстың ерекшеліктері қарастырылады. Толық емес отбасының қоғамдағы орны, оның балалардың дамуына әсері, сондай-ақ мұндай отбасыларға тән әлеуметтік қиындықтардың себептері талданады. Автор жалпы білім беру ұйымдарында әлеуметтік педагогтың рөліне, оның кәсіби қызметінің бағыттарына — педагогикалық, психологиялық және делдалдық функцияларына назар аударады. Мақалада толық емес отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік көмектің негізгі бағыттары: кеңес беру, психологиялық қолдау, ата-аналарды оқыту, бос уақытты ұйымдастыру және ата-аналар арасындағы өзара әрекеттестікті дамыту мәселелері ашылады. Зерттеу нәтижесінде толық емес отбасымен әлеуметтік жұмыстың басты мақсаты — оның әлеуетін қалпына келтіру, отбасы мүшелерінің өзара қатынасын нығайту және баланың толыққанды дамуына қолайлы жағдай жасау екендігі анықталады.

Кілт сөздер: *толық емес отбасы, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік педагог, бала тәрбиесі, психологиялық қолдау, әлеуметтік-педагогикалық көмек, отбасылық қатынастар, ата-ана мен бала, білім беру ұйымы, әлеуметтік бейімделу.*

Отбасы - неке немесе туыстық қатынасқа негізделген, мүшелері ортақ өмірмен, өзара моральдық жауапкершілікпен және өзара көмекпен байланысты шағын топ. Отбасы ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынасын реттейтін нормалардың, санкциялар мен мінез-құлық үлгілерінің жиынтығын әзірлейді.

Summary. The work is devoted to learning the role and plase of the historical materials in activization of knowing activity of the pupils in the process of teaching mathematics.

Қазіргі уақытта біздің мектептерде білім берудің сапасын, тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру мақсатында қазіргі заманғы тәсілдер негізінде білім беру жүйесі мен мазмұнын жаңғырту жүргізілуде. Оны сәтті жүзеге асыру түлектердің жалпы мәдени, оқу-танымдық және кәсіби қасиеттерін дамыту мен жетілдіруге ықпал етеді. Бұл қасиеттер, әрине, мектеп оқушыларының өзін-өзі дамытуға және үздіксіз білім беруге дайындығы қалыптасқанда қалыптасады.

Оқушының танымдық қызметін қалыптастыру және дамыту жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу негізі болып табылады, бұл білім беруді жоғарыда аталған жаңғыртудың түпкі мақсаты болып табылады.

Математика мектептегі білім берудің негізгі пәндерінің бірі ретінде бізді қоршаған әлемді танудағы қуатты құрал, заманауи ғылыми-техникалық прогрестің негізі және тұлғаны дамытудың маңызды компоненті болып табылады. Математикалық білім беру оқушының алдына қойылған тапсырманың мағынасын жақсы түсінуге, дұрыс және логикалық пайымдауларды білуге ықпал етеді,сол арқылы оның танымдық қызметін белсендіреді.

Оқушылардың танымдық қызметін жандандыру үшін оқытудың әр түрлі әдістері мен тәсілдері қолданылады, олар барлық оқу-тәрбие процесін одан әрі жетілдіруге, мазмұнын байытуға және оның тиімділігін арттыруға жаңа құралдар мен мүмкіндіктерді іздестіруге бағытталған. Орта ғасырлық Орталық Азия ғалымдарының жұмыстары негізінде математика тарихының элементтерін пайдалану мектеп үшін осындай мүмкіндіктердің бірі болып табылады [1].

Математика курсында тарихи материал оқытудың көрнекілігінің маңызды құралы болып табылады және оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруде үлкен рөл атқарады. Оқытушы оқу сабақтарына қосымша материалды енгізгенде, ол, әдетте, шынайы дереккөздермен жұмыс істейді және мұндай көрнекі материал басқа көрнекі плакатқа қарағанда оқушылардың санасына эмоционалды күшті әсер етеді, және, ең алдымен, ол шынайы болғандықтан. Тарихи материал оқушылардың бақылаушылығын, олардың ойлауын дамытады, оқытушыға өзінің жеке тәжірибесін, өз бетінше бақылау мен зерделенетін

теорияны кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай материал сондай-ақ математиканың жеке теориясын зерттеуде оқушылардың танымдық іс-әрекетін, белсенділігін және қызығушылығын дамытуда маңызды болып табылады. Оқытушы оқу сабақтарына математика тарихынан, әсіресе орта ғасырлық Орта Азия ғалымдарының жұмыстарының материалдары бойынша мәліметтерді енгізе отырып, пәнге табиғи қызығушылықты оятады және оларды оқушылардың ойлау дербестігін дамыту мақсатында пайдаланады. Математиканы оқытуда тарихи материалдар, әртүрлі сипаттамалық жазба көздері, мысалы, көне есептер, ертегілер, ортағасырлық авторлардың куәліктері негіз болған есептер ерекше орын алады.

Тарихи материалды оқу процесіне келесі тәсілдермен енгізу қажет [2]:

1. Зерттелген материалды бекіту үшін тарихи мазмұнмен есептерді шешу арқылы.
2. Нақты тарихи фактілерге негізделген жаңа есептерді құру жолымен.
3. Оқушылардың танымдық іс - әрекетін ұйымдастыру арқылы математик-ғалымдардың шығармашылығын, оларды ғылыми іздеу әдістемесін, математикалық ашылулар мен олардың дәлелдемелерін және т. б. зерттеу.

Тарихи материал жоғарыда аталған функцияларды орындау үшін ең жақсы көмекші материал болып табылады.

Математика сабағында оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру мақсатында тарих элементтерін қолдану қажет.:

1. Сабақта енгізілген тарихи материал оқушылардың шығармашылық белсенділігін күшейтеді. Бұл қызықты тарихи есептерді шешудің жаңа жолдарын іздеуге тарту арқылы жүреді. Ұлы математиктердің өмірі мен қызметіне шолу жасау арқылы мұғалім, сонымен қатар тәрбиеші ретінде оқушыларды шығармашылық ұғымымен, ғылымдағы шығармашылықпен таныстыруға, осы даму үрдісімен байланысты көптеген негізгі математикалық ұғымдарға қатысты жанастыруға мумкіндік алады.

2. Сабақта тарихи материалдардың көмегімен педагог оқушыларға теоремалардың тұжырымдарына өз бетінше келуге, оларды қайтадан "ашуға", оқушыларға олардың дәлелдерін іздеуге, оқушыларда математикалық жаңалықтармен байланысты қызықты тарихи фактілерді өз бетінше таңдауға, оларды сыныптастарымен бөлісуге мүмкіндік бере алады. Әдетте, бұлардың барлығы, оқушыларды өзін тануға, өзінің мүмкіндіктеріне сенімді болуға, өзінің жеке көзқарасы мен нанымын қорғауға үйретуге ықпал етеді.

3. Мұғалім мұқият ойластырған және ұйымдастырған, математика пәнінің тарихи мәселелерін талқылауға негізделген, ғылыми даулар мен пікірталастар оқушылардың бойында басқалардың пікіріне төзімділікті тәрбиелеуге, басқаларды құрметтеу арқылы, қоршаған ортаға ұқыпты қарау арқылы, яғни төзімділік арқылы өзін құрметтеуге ықпал етеді. Бұл ғылыми даулар, сондай-ақ тұлғааралық өзара іс-қимыл-коммуникативтік қабілеттер мен дағдыларға, қабілеттер мен даулы жағдайларды шешуге үйретеді.

4. Адамның математикалық дамуы жалпы мәдениетті көтермей мүмкін емес және тарихи материал сабақта өзгеше нәрседен жақсырақ, математикалық қабілеттердің біржақты дамуына кедергі жасай алады.

5. Тарихи материал сауаттылық деңгейін арттыруға, білімдерін кеңейтуге, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге бағытталған, бұл оқушылардың зияткерлік ресурсын арттыру, оларды ойлауға үйрету, өмірлік қиын жағдайларда тез шешім қабылдауға қабілетті болу мүмкіндіктерінің бірі.

Авторлар жүргізген эксперимент математика сабағында тарихи материал жоғарыда аталған міндеттерді орындау үшін ең жақсы көмекші материал болып табылатынын атап өтуге мүмкіндік береді.

Оқу жоспарының кез келген табиғи пәндері бойынша практикалық сабақтар өткізу кезінде тарихи материалдарды пайдалану мүмкіндігі айтарлықтай кеңейеді. Зерттелген материалды талдау кезінде, мысалы, математика бойынша, келесі сұрақтарды қою орынды:

- қандай мақсатпен сол немесе өзге теорема енгізіледі;
- оның дәлелдеудің мүмкіндіктері қандай?;

- оның түрлі қосымшалары қандай;
- қорытуды тұжырымдауға бола ма;
- мүмкін аналогтар бар ма;
- тарихи элементтерді пайдалану мүмкіндіктері?

Бұл мәселелер математика тарихына тікелей назар аударуды көздейді. Мысалы, математиканың кіріспе курсында "Математиканың дамуындағы ортаазиялық ғалымдардың рөлі" тақырыбын зерделегеннен кейін осындай тақырып бойынша семинар сабақтарын өткізу пайдалы болады. Студенттерге келесі жоспар бойынша хабарлама дайындауды ұсынуға болады:

1. Математиканың дамуындағы, атап айтқанда, квадрат теңдеулерді шешуде Хорезмидің рөлі.
2. Ибн Сина ғалым-энциклопедист ретінде.
3. Ибн Сина геометр ретінде.
4. Омар Хайям ақын ретінде.
5. Омар Хайям геометр ретінде.
6. Омар Хайям және кубтық теңдеулерді шешу және т. б.

Мысал ретінде белгілі Ортаазиялық математик Мухаммад Наджмуддинхонның (XI-XII ғғ) "Алгебра бойынша трактат" кітабынан есептерді қарастырайық [3], онда теңдеулердің алты түрінің шешімдері қарастырылған, сонымен қатар түбірлерді табу ережесін ғалым өлең түрінде (сол уақытта әріптік белгілер пайдаланылған жоқ) келтіреді.

Мысалы, теңдеулердің бірінші түрі үшін (қазіргі заманғы ах=в символикасында) Наджмуддинхон жазады:

"Әр жолы, сізге қажет
Заттарға (белгісіз), тек сан тең болғанда
ол санды бөлгенде
Барлық заттар санына.
Сенің бөлгендеріңнен белгісіз шығады
Және белгісіз саған бетін ашады" [3,б. 7].

Келтірілген ережені растау үшін, ол келесі есептің шешімін келтіреді:

"Ұлы әкеден сұрады: - Айтшы, о туған менің асыраушым, сенің жасың қаншада? Әкесі былай деді: - Он жыл бұрын менің жасым сенің жасыңнан үш есе артық, ал қазір екі есе артық".

Қазіргі заманғы символикада ғалым келтірген осы есептің шешуі мынадай түрге ие: х - ұлының он жыл бұрынғы жасы, 3х - сол кездегі әкесінің жасы; қазіргі уақыттағы ұлының жасы - (х+10) және әкесінің жасы – (3х+10).

Есеп шартына сәйкес

3х+10=2(х + 10),

Бұдан х=10; яғни, бұл ұлының он жыл бұрынғы жасы, ал қазіргі уақытта ұлы х+10 =10 + 10 =20 жаста, ал әкесі 3х+10 =3*10+10 =40 жаста.

Тарихи мәліметтерді пайдалану тиімділігі көбінесе олардың мазмұнына байланысты болады, олар әр түрлі болуы мүмкін. Бұл жерде оқушылардың жас ерекшеліктерін, оқушыларды осы материалды қабылдауға дайындауды, тарихи есептің немесе мәліметтердің білім беру және тәрбиелік құндылығын ескеру қажет.

Әдебиеттер

1. Саттаров А.Э. О методике использования достижений ученых средневекового Ближнего и Среднего Востока в процессе обучения математике. - Душанбе: Ирфон, 2010. – 140 с.
2. Переяслова Н.В., Коваленко Б.Б. Развитие творческой деятельности учащихся на основе использования исторических сведений // Сб. статей межд. науч.-практ. конф. «Педагогические технологии математического творчества», Арзамас, 2011. –с.86-89.
3. Мухаммад Наджмуддинхон. Трактат по алгебре. – Душанбе: Дониш, 1983. – 91 с.
4. Исқақов М. Ө. Математика мен математиктар жайындағы әңгімелер (1,2,3 – кітап) А. 1970-1971

Медешов Табынды Тұрабекұлы
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
«Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Түркістан облысы, Төлеби ауданы



МЕКТЕПТЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Алғы сөз

Дене тәрбиесі жүйесі-өзара қарым-қатынастағы жеке дене тәрбиесі жүйесі және әртүрлі қоғамдық топ өкілдерінің ерекшеліктеріне қарай сипатталады (балалар дене тәрбиесі жүйесі, мектеп оқушылары дене тәрбиесі жүйесі т.б.) Балалар дене тәрбиесі жүйесі-әртүрлі жастағы топтардың денсаулығына жан-жақты бағытта қызмет жасайтын қоғамдық ұйым. Дене тәрбиесінің әр жуйесі дене тәрбиесіне тиянақты-тарихи түрін бейнелейтіндіктен қойылған мақсаттқа жету үшін осы немесе басқа ұйымдардан құралады. Жүйе айқын салалар құрылымымен олардың қызметі басқа да жүйелерінің қарым-қатынас ерекшеліктерімен айқындалады. Жүйенің ең басты қызметі — адамдардың дене мәдениетін жоғары сатыға көтеру үшін барлық осыған тікелей қатысты құрылады. Дене тәрбиесі жүйесінің басты талаптары: 1.дене тәрбиесі негізі мен әдісі сауықтыру жағдайында тек заңды негізге сүйену керек. 2.дене жүктемелері оқушылардың мүмкіншіліктеріне байланысты берілуі керек. З.дәрігерлік педагогикалық бақылау мұғалімнің кез-келген оқу-тәрбие жұмысында болуы міндетті. 4.Санитарлық-гигиеналық қалыпты, күнді, ауа мен суды пайдалану-барлығы әрбір дене жаттығулары кезінде қолданылуы кажет.

Дене тәрбиесі,спорт ілімі мен әдістемесі жеке пән бола отырып жекелей ұғымдары бар. Олар бір-бірімен өте тығыз байланыста, мақсаттары оқу жүйесін жүйелеу, ағзаны шынықтыру, қоғамға дене сапалары жан-жақты тұлға дайындау.

Дене тәрбиесі - жеке тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамытуға, оның денсаулығын нығайтуға, еңбек ету мен әскери қызметті атқаруға даярлауға бағытталған қоғам мен жалпы мәдениетінің бір бөлігі.

Қызметі дене дамуын оңтайландыру, білімдік, ақыл-ой және қызметтің өзге де түрлерімен өзара бірге әрекет ету, таңдап алған мамандықты меңгеруге себепкер болу, тәрбиелік, жалпы мәдени, эстетикалық, адамгершілікті, әлеуметтік-экономикалық салауатты өмір салтын қалыптастыратын дене дайындығы.

Дене шынықтыру- дене жаттығуларын, табиғаттың сыртқы күштнерін (күн, ауа, су) пайдалана отырып ағзаны шынықтыру. Яғни мәдениеттің ажырамас бөлігі адамның дене бітімін дамыту, оның денсаулығын нығайту, рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы болып табылатын әлеуметтік кызмет саласы.

Қызметі қозғалыс қажеттілігін канағаттандыру, фукнционалды рахаттану, бос уақытты оңтайды пайдалану. қызметі төмендеген дене мүшелерін қалыпқа келтіру, жолы, яғни дене дамуына әсер етуші факторлар; тұқым қуалаушылық, өксн орта, спорт түрі.

Дене дамуы - ағзаның табиғи морфофункционалдық ерекшеліктерін өзгерту жолы, яғни дене дамуына әсер етуші факторлар; тұқым қуалаушылық, өскен орта, спорт түрі.

Қызметі жеке тұлғаның даму ерекшелігі, айырмашылығы және әсер етуші факторлардың нәтижесінде дене мүшелерінің өзеріске ұшырау қалпы.

Дене тәрбиесінің мәдениеті-жалпы қоғам мәдениетінің бір бөлігі. Қоғамдағы адамдардың дене сапасының жан-жақты дайындығы мен өмірде әртүрлі жағдайда еңбек ету бағытында жасалатын күрделі жұмыстың бір түрі.

Қызметі білім беруді, ғылым мен әдебиетті, техникалық құрал тәсілдерін, әдістерін пайдаланып дене дайындығына жан-жақты жағдай жасау.

Спорт дегеніміз – түрлі жақтан арнайы мамандандырылған және алдағы істерде жарысу арқылы өз мүмкіндіктерін жоғары дәрежеде көрсете білуге жан дүниесін дайындауды дене тәрбиесі ойындарында пайдалануға құрылатын материалдық, әрі рухани байлық.

Яғни спорт дегеніміз - әрбір жеке тұлғаның тандаған спорт түрінен жоғарғы нәтижеге жеткізу саласы. Яғни жарыс әрекетінің, спортшыларды жарыстарға қатысуға даярлаудың ерекше нысаны болып табылатын дене шынықтырудың бір түрі.

Қызмет - спорттық әрекет. жарыстырушылық. интернационалдық. жүйкені реттсйтін. комуникативтік. ақпараттық, жалпы мәдениеттік. денені жетілдіру, эвристикалық бейбітшілік кызметі. ойын-сауықтық іс-әрекет..

Бұқаралық спорт- тұрмыс пен еңбек қызметіне керек дене қасиеттері мен қозғалыс дағдыларын дамытып. жетілдіруге және бір қалыпта ұстауға көмектесетін, тұрғындардың әртүрлі әлеуметтік демографиялық тобының мұқтаждығын қанағаттаңдыратын спорт түрі болып табылады.

Жоғарғы жетістіктер спорты-жеке тұлғаның спорттағы мақсаты жоғарғы спорттық нәтижелерге қол жеткізуді рекорттар жасауды қамтамасыз ететін спорт саласы. Жоғарғы жетістікке жету жолы спартакияда, универсиада, чепионат және олимпиадалық ойындар.

Әуесқойлық спорт- азаматтардың дене тәрбиесінің жалпы жүйесіндегі өзінің спорт шеберлігін жетілдіруге және спорттың әр түрінде жоғарғы нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін сан қилы спорт қозғалысы.

Кәсіпқойлық спорт-спорттық ойын-сауық шараларын ұйымдастыру және оларға қатысу арқылы пайда табу болып саналатын спорттық кәсіпкерлік қызметтің бір түрі.

Пәннің объектілері мен оның оқу және ғылыми пән ретіндегі құрылымы

Дене тәрбиесінің барлық сабақтар бағытына қарай мынадай міндеттерді жүзеге асыруы тиіс. Олар: тәрбие, білім, сауықтыру.

а) Білім беру міндетінің мақсаты - оқушылардың білімін шыңдай түсу. Жаттығуларды ептілікпен және дағдымен орындату. Оларды өмірде қолдана алуға үйрету.

б) Сауықтыру міндеттерінің мақсаты - дене тәрбиесі жаттығуларының сабақ кезінде ағзаға сауықтыру әсерін тигізуіне тиімді жағдай жасау.

в) Тәрбиелеу міндеттерінің мақсаты – сабақ жүргізу жүйесінде оқушының адамгершілік қасиеттерін арттыру.

Дене тәрбиесі сабағында төмендегідей міндеттер жүзеге асырылуы керек.

Қойылған міндеттерді орындау жолдарын таңдау. Әдістемелік ұйымдастыру шараларын белгілеу. Мұнда мұғалім оқушылардың әрекеттерін тиімді ұйымдастыру түрлері мен әдістерін таңдайды. Олардың тұратын, отыратын орындарын қозғалыс жолдарын анықтайды Снарядтарды жинау жолдарын көрсетеді. Қимыл-қозғалыс дайындығын мұғалім мектеп бағдарламасында кездесетін барлық жаттығуларды көрсете алуы керек. Сондықтан да мұғалім сабақта үйренетін жаттығуды қайталап өз мүмкіншілігін әрдайым тексеріп отыруы қажет. Теориялық жәнс сөйлеу дайындығы мұғалім өтілетін сабақты жақсы білумен қатар-шешен сөйлей алуы да керек. (әңгімені дұрыс жүргізу, баяндау команда беру, таңдау жасау т.б.) Сабақты материалдық жағынан қамтамасыз ету. (керек құрал жабдықтарды дайындау және спорттық снарядтарды табу т.б.).

Дене тәрбиесі мен еңбек байланысының мақсаты.

Жеткіншектерді еңбекке тәбиелеу дене тәрбиесі мақсаттарының бірі болып табылады. Дене тәрбиесі еңбекке ерікті түрде тәрбиелеудің негізін қалайды. Денені шынықтыру тұрақты дағды тәртібін, ерік-жігерді, қалыптасқан мінез-құлықты талап етеді. Еріншектікке жол бермейді. Өйткені, күнде таңертеңгі гимнастикалық, спорттық жаттығулармен айналысатын оқушының еңбекке деген ынтасы оянады. Еңбекке деген адамгершілік көзқарастарын қалыптастыруда дене тәрбиесі пәнінің мүмкіндіктері ете көп. Мысалы, «Өзің үшін, өз мақсатың үшін еңбек еткенің жаксы. Ал өзгелер үшін еңбск етуге калай қарайсың?» деген сұрақты қоя отырып, жаттығу жұмыстарын жүргізудің тәрбиелік маңызына назар аудару

Дене тәрбиесіндегі эстетикалық білімнің мақсаты.

Дене тәрбиесі сабағындағы эстетикалық тәрбиенің маңызы өте зор. Адамның жан дүниесі қандай сұлу, таза болса, дене мүшесі де сондай сымбатты болуы керек. Бұл ретте окушыларға берілген тапсырманы мәнерлеп түсіндіру, әдеп сақтауға үйрету, музыкалық сүйемелдеу кезінде әуенге сай үйлесімді қимылдауға дағдыландыру игі нәтижеге жеткізеді. Мысалы, әдетте жаттығу барысында «жаксы», «дұрыс емес» деген сөздер жиі айтылады. Ал «Жарайсың, міне қандай әдемі!» деген жылы лебізді сирек естисің. Окушылардың қозғалыс қимылдарын орындау техникасына назар сала отырып, оның ынта-ықыласын сол жаттығулардың таза әрі үйлесімді, сұлу орындалуына аудара білген жөн. Жан сұлулығы мен тән сұлулығын кимыл-жаттығу кезіндегі іс-қимылдың әсемдігіне ұштастыруды басты мақсат етіп алу қажет. Ұстамдылық, қандай жағдайда да өз еркін билей алу, өзгелердің жүйкесіне кері әсер етпеу, кашанда көмекке дайын тұру, бәсекелесіне құрметпен карау, төзімділік сияқты ізгі касиеттер эстетикалық тәрбиелеудің нәтижесінде жүзеге асатын адамгершілік сипаттар болып табылады.

Оқыту негізіне жататын заңдылықтар өзінің қызмет ету мүмкіндіктері жағынан біртектес емес, осыған сәйкес оқыту қағидаларын мақсатқа сәйкес төрт өзара байланысқан салаға бөлуге болады: қатынас ұстанымы, бағалау ұстанымы үйлестіру ұстанымы, құру ұстанымы қағидалар тобының атаулары және олардың әрбірі біршама дәрежеде шартты, бірақ мұғалімді олар педагогикалық міндеттерді шешу кезінде иемденетін ұстанымдардың қызмет ету мүмкіндіктерін қолдануға бағыттауда туындаған. Бұдан басқа қағидалардың әрбірінің атау педагогика мен дене тәрбиесі теориясында қабылданған терминологияға қарама-қайшы келмейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ю. Тілеуғалиев Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі А «Атамұра» 2007ж

2. Ю. Тілеуғалиев., Қ. Адамбеков., С. Қасымбекова Дене тәрбиесі 7 сынып. А. «Атамұра» 2009

3. С. Қасымбекова., Д. Мырзахмед. Дене тәрбиесі сыныптан тыс жұмыстар. А. «Атамұра» 2008

4. Э. Тлеулов «Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесі». Шымкент 2008.

Мурзагалиева Арайлым Сембаевна
Би үйірмесінің жетекшісі
«М.Мақатаев атындағы №140 гимназия» ШЖҚ МКК
Алматы қаласы



БИ ӨНЕРІ – РУХАНИ ҮЙЛЕСІМ МЕН ӘСЕМДІКТІҢ БАСТАУЫ

Би – ең көне әрі ең көркем өнер түрінің бірі. Ол сөзсіз, яғни дене қозғалысы мен ырғақ арқылы адамның ішкі сезімін, ой-толғанысын, қуанышын, мұңын жеткізеді. Би өнері адамның жан дүниесін тереңдетіп, сұлулыққа баулиды, рухани тепе-теңдік пен үйлесімділікті қалыптастырады. Сол себепті би рухани үйлесім мен әсемдіктің бастауы болып саналады.

Би – өнердің ерекше түрі, өйткені ол музыка, эмоция, дене қимылы мен эстетикалық сезімді бір арнаға тоғыстырады. Әрбір би – адамның өмірге деген көзқарасының, көңіл күйінің көрінісі. Мысалы, қазақ халқының би мәдениеті ертеден табиғатқа, тұрмысқа, салт-дәстүрге етене байланысты дамыған. «Қара жорға», «Аққу биі», «Бүркіт биі» сияқты билер халықтың еңбекқорлығын, ерлігін, нәзіктігін бейнелеген. Мұндай билерді орындау барысында адам тек қимыл жасап қана қоймай, рухани тазару мен шабыттану сезімін бастан кешіреді.



Би өнерінің тәрбиелік маңызы ерекше екенін сезіне білетін М.Мақатаев атындағы №140 гимназия оқушылары – қазіргі таңда түрлі байқаулардың жеңімпаздары. Гимназия оқушыларын би өнеріне баулу олардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, сымбаттылық пен мәдениеттілікке жетелейді. Би арқылы балалар денесін еркін ұстауға, өзіне сенімді болуға, сахна мәдениетін сақтауға үйренеді. Сонымен қатар, би сабақтары арқылы ұжымдық сезім, өзгені сыйлау, тәртіп пен жауапкершілік дағдылары қалыптасады. Бұл – тұлғаның рухани және адамгершілік тұрғыдан өсуіне ықпал ететін маңызды құрал.



Би өнері адамның ішкі мәдениетін де дамытады. Әсемдікке құштар адам айналасындағы сұлулықты көруге, оны бағалауға, өз өмірінде әдемілікті сақтауға ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда би эстетикалық тәрбие мен рухани үйлесімнің бірлігін қамтамасыз ететін өнер түрі екендігін байқауға болады. Би сабағында әрбір қозғалыс белгілі бір мәнге ие: иілу – ізеттіліктің, айналу – еркіндіктің, ырғақ – өмірдің ырғағының көрінісі. Мұндай символдық мағыналар адамның ішкі дүниесін байытып, рухани тереңдікке жетелейді.



Қазіргі таңда би өнерін білім беру жүйесіне кеңінен енгізу – жас ұрпақтың рухани дамуы мен мәдени тәрбиесінің маңызды тетігі. Мектептерде би үйірмелерінің жұмысы оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға, ұлттық және заманауи өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етеді. Әсіресе ұлттық би элементтерін үйрету арқылы жастарға өз мәдениетінің құндылығын ұғындыруға, ұлттық болмысын сақтауға болады.

Бұдан шығатын түйін, би өнері – адамның жан дүниесін байытатын, өмірге қуат пен шабыт беретін ерекше рухани күш. Ол адамның бойындағы үйлесімділікті, сұлулықты, мәдениеттілікті және ізгілікті қалыптастырады. Билеу арқылы адам өз сезімін еркін жеткізіп, рухани тазару мен әсемдік әлеміне енеді. Сондықтан да мәдениеттің дамуына, сұлулық пен ізгіліктің қоғамда орнығуына ықпалы зор бұл өнерін түрін дәріптеудің маңызы зор деп есептеймін.

Сагимбекова Майра Амирханкызы
Бастауыш сынып мұғалімі
«Нысанбек жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Түркістан облысы, Төлеби ауданы



«ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ»

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – әрбір оқушының **жеке қабілеттерін** ескере отырып, оның бойындағы **талантты ашып, дамыту**. Әсіресе, дарынды оқушылармен жұмыс істеу ерекше көңіл бөлуді қажет етеді, себебі олардың әлеуеті біздің қоғамның болашағын айқындайды. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында "білім беру жүйесінің басты міндеті – әрбір азаматтың жеке қабілеттерін дамыту" деп көрсетілген. Бастауыш сынып – оқушының танымдық және шығармашылық қызығушылықтары қалыптасатын кезең. Сондықтан, бұл кезеңде дарынды балалармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру маңызды. Бұл әдістемелік құрал бастауыш сынып қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған және дарынды оқушылармен жұмыс істеудің **тиімді әдіс-тәсілдерін** ұсынуды көздейді.

Дарындылықтың теориялық негіздері

Дарындылық ұғымы және оның түрлері

Дарындылық – адамның қандай да бір іс-әрекет түрінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін жеке қабілеттердің үйлесімі. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде дарындылыққа қатысты әртүрлі анықтамалар мен көзқарастар бар. Жалпы алғанда, дарындылық тек туа біткен қабілет емес, сонымен қатар қоршаған ортаның, тәрбие мен білімнің әсерінен дамитын қасиеттер жиынтығы болып табылады.

Дарындылықты бірнеше түрге бөлуге болады:

- **Жалпы дарындылық (зияткерлік дарындылық):** Ақпаратты тез қабылдау, логикалық ойлау, проблемаларды шешу, есте сақтау қабілетінің жоғары болуымен сипатталады.
- **Арнайы дарындылық:** Белгілі бір саладағы ерекше қабілеттер. Оларға:
- **Академиялық дарындылық:** Оқу үлгерімі жоғары, пәндерге деген ерекше қызығушылық.
- **Шығармашылық дарындылық:** Оригиналды ойлау, жаңа идеялар ұсыну, өнерге (музыка, сурет, әдебиет) бейімділік.
- **Коммуникативтік дарындылық:** Қарым-қатынас дағдыларының жоғары деңгейі, лидерлік қасиеттер.
- **Практикалық дарындылық (техникалық, спорттық):** Белгілі бір іс-әрекет түріндегі ерекше жетістіктер.

Бастауыш сынып оқушыларындағы дарындылықтың ерекшеліктері

Бастауыш сынып оқушыларының дарындылығы ересектерге қарағанда ерекше көрініс табады. Бұл кезеңде дарындылықтың келесідей ерекшеліктерін байқауға болады:

- **Танымдық белсенділігі:** Әдеттегі оқушылардан айырмашылығы, олар жаңа ақпаратты тез қабылдайды, сұрақтарды көп қояды және тереңірек білуге ұмтылады.
- **Зияткерлік дамуының жоғарылығы:** Жасына сай емес күрделі мәселелерді шешуге қабілетті, абстрактілі ойлау элементтері ерте дамиды.
- **Тез есте сақтау және талдау қабілеті:** Көп көлемдегі ақпаратты жатқа біледі, олардың арасындағы байланыстарды тез табады.
- **Шығармашылық қабілетінің көрінісі:** Оригиналды идеялар ұсыну, қиялдың дамығандығы, өзіндік шешімдер қабылдауға тырысу.
- **Эмоционалды сезімталдық:** Кейде эмоционалды тұрақсыздық немесе сезімталдықтың жоғары болуы байқалуы мүмкін.
- **Ұзақ уақыт бір іске шоғырлану:** Өзіне қызықты іспен ұзақ уақыт айналыса алады.

Мұғалімдер үшін бұл ерекшеліктерді ерте жастан анықтау және оларға сәйкес дамыту жұмыстарын ұйымдастыру маңызды.

Дарынды оқушыларды анықтаудың психологиялық-педагогикалық критерийлері

Дарынды оқушыларды анықтау – күрделі де жауапты процесс. Бұл процесс тек бір әдіске сүйенбей, жан-жақты болуы керек. Негізгі психологиялық-педагогикалық критерийлерге мыналар жатады:

- **Жоғары танымдық белсенділік:** Сабаққа деген ерекше ынта, көп сұрақ қою, оқу материалын терең түсінуге ұмтылу.
- **Зияткерлік дамуының жоғары деңгейі:** Жасына сай емес күрделі мәселелерді шешу, ойлау операцияларының (талдау, синтез, салыстыру, жалпылау) дамығандығы.
- **Шығармашылық қабілеті:** Оригиналды идеялар ұсыну, стандартты емес шешімдер табу, қиял мен фантазияның байлығы.
- **Есте сақтау қабілеті:** Ақпаратты тез есте сақтау, ұзақ уақыт бойы сақтау және қажет кезінде қайта жаңғырту.
- **Мотивациясының жоғарылығы:** Өзіндік білім алуға деген құштарлық, алдына қойған мақсаттарға жетуге ұмтылу.
- **Өзіндік ойлау:** Ақпаратты қабылдаудағы сыни көзқарас, өз пікірін білдіруге тырысу.

• **Әлеуметтік-эмоционалдық ерекшеліктері:** Кейде құрдастарынан оқшаулану, немесе керісінше, лидерлік қасиеттер таныту, жоғары сезімталдық.

Дарынды оқушыларды анықтауда мұғалімнің бақылауы, ата-аналармен әңгімелесу, психологиялық диагностикалық әдістер (тесттер, сауалнамалар), сондай-ақ, олимпиадалар мен шығармашылық сайыстардағы жетістіктерді ескеру қажет. Бұл кешенді жұмыс оқушының шынайы әлеуетін анықтауға көмектеседі.

Дарынды оқушылармен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері

Дарынды оқушылармен жұмыс істеу олардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыратын және әлеуеттерін толық ашатын арнайы әдіс-тәсілдерді талап етеді. Бұл бөлімде осындай тиімді әдістер қарастырылады.

2.1. Дифференциалды оқыту: мазмұнды байыту және тереңдету

Дифференциалды оқыту – бұл оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту мазмұнын, әдістерін, қарқынын және бағалау жүйесін бейімдеу. Дарынды оқушылар үшін дифференциация, әдетте, **оқу мазмұнын байыту** және **тереңдету** арқылы жүзеге асады. Оларға қалыпты бағдарламадан тыс, күрделірек және танымдық тұрғыдан қызықты материалдар мен тапсырмалар ұсынылады.

Мазмұнды байыту дегеніміз – оқу бағдарламасының шеңберіндегі тақырыптарды кеңейту, оларға қатысты қосымша ақпарат беру, пәнаралық байланыстарды күшейту. Мысалы, қазақ тілі сабағында белгілі бір грамматикалық тақырыпты меңгерген дарынды оқушыға осы тақырыптың тіл біліміндегі орны, тарихи дамуы немесе басқа тілдердегі ұқсастықтары туралы қосымша деректер ұсынуға болады.

Мазмұнды тереңдету – оқу бағдарламасындағы тақырыптарды күрделендіру, оларды аналитикалық, синтетикалық, шығармашылық деңгейде талдауға бағытталған тапсырмалар беру. Мысалы, мәтінді оқып, оның мазмұнын айтып берумен шектелмей, автордың негізгі идеясын талдау, кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз бағасын беру, мәтінге қатысты зерттеу сұрақтарын құрастыру сияқты тапсырмалар беру.

Қорытынды

Ұсынылған әдіс-тәсілдер мен практикалық ұсыныстарды қолдану арқылы мұғалімдер қазақ тілі сабақтарын тиімді ұйымдастырып, әрбір дарынды баланың бойындағы ерекше қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады.

Дарындылық – бұл тек жоғары зияткерлік қабілет емес, сонымен қатар **терең қызығушылық, шығармашылық әлеует, жоғары мотивация** және **табандылық**. Мұғалімнің міндеті – осы қасиеттерді танып, оны дамытуға қолайлы жағдай жасау. Бұл құралда ұсынылған дифференциалды оқыту, жобалау әдісі, зерттеу жұмыстары, олимпиадаларға дайындық, сондай-ақ инновациялық және интерактивті әдістер дарынды оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Сабақтан тыс жұмыстар, портфолио жинақтау, ата-аналармен тығыз байланыс және оқушының өзін-өзі басқару қабілеттерін дамыту – бұл кешенді жұмыстың маңызды құрамдас бөліктері. Әрбір дарынды бала – біздің ұлттық байлығымыз. Сондықтан оларды қолдау, дамыту және болашаққа дайындау – **білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі**. Бұл құрал Қазақстанның болашақ зиялы ұрпағын тәрбиелеуге өз үлесін қосады деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймағамбетова Г.Б. Дарынды балаларды оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері. – Алматы, 2018.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика-Пресс, 2000.
3. Елубаев С.Е. Дарындылық және оны дамыту мәселелері. – Астана, 2017.
4. Жаңабаев Қ.Б. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту. – Шымкент, 2019.
5. Қожахметова К.Ж. Дарынды балалармен жұмыс: әдістемелік нұсқаулық. – Алматы, 2016.

Тлекқабылова Толқын Қайырболатқызы
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы, педагогика ғылымдарының магистрі
Д.Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы
БҚО, Орал қаласы

ЖАҚСЫ ДОС - ЖАН АЗЫҒЫ

Білім беру ұйымының атауы	Д.Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы
Пәні:	**Әдебиеттік оқу Алматымектеп**
Бөлім:	Менің отбасым және достарым
Педагогтің аты-жөні:	Т.Қ.Тлекқабылова
Күні:	
Сынып:	2сынып
Сабақтың тақырыбы:	**№ 21сабақ. Жақсы дос - жан азығы.**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.1.3.1 – күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеумәдениетін сақтап, диалогке қатысу 2.2.1.1 – мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу
Сабақтың мақсаты	Мәтінді түсініп оқиды,мазмұнымен жұмыс жасайды Мәтіннің негізгі ойын анықтайды
Құндылықтар: **Қазан айы: «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»**	**Сабақ құндылығы:** Мемлекеттік тілді білу Отан, ел, туған өлке туралы білу **Апта дәйексөзі:**«Отанды сүю – отбасынан басталады!»

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуалды жақсарту  	Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді.	Мақтап, мадақтап отыру	Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау. «Сиқырлы есіктер» **Сиқырлы есіктер** 	Үй тапсырмасын тексертеді	ҚБ: « Бағалау жетондары» әдісі Дескриптор: Екі досқа сипаттама жазады-1б Тірек сөздерді қатыстырып,досыңа хат жазады-1б	оқулық
Сабақтың ортасы 20 минут	Үй тапсырмасы 6-тапсырма Жазба жұмысын дәптерге орында Екі досқа сипаттама жаз. Тірек сөздерді қатыстырып,досыңа хат жаз. Тірек сөздер: мейірімді, сенімді, ақылды, көмек, адал. **Тақырыпты ашу** Берілген суреттерден нағыз достардың іс- әрекетін айтып, өз ойыңмен бөліс.	Жағдаяттан шығып, тақырыпты ашады	 	

	Достар қалай араласады? Жаңа тақырып 1-тапсырма Нақыл сөзді тыңда және сұрақтарға жауап бер. Нақыл сөзде жаман жолдас деп қандай адамды айтқан? Қандай адамды жақсы дос деуге болады? Неліктен жаман достансақтану керек деп ойлайсың? Нақыл сөздегі негізгі ойды анықта	Аудиожазбаны тыңдайды Сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді-1б	оқулық Аудиожазба Кесте
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы:: Мемлекеттік тілді білу **ФС тапсырмасы** **Топтық жұмыс** 2-тапсырма Жазба жұмыстарын дәптерге орында. 1-топ Қажетті сөздерді пайдаланып, нақыл сөздерді толықтырып жаз. Жаман дос-көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың. 2-топ Берілген ақпаратты пайдаланып, досың жайлы шағын мәтін жаз 3-топ Өз достарыңның бойынан қандай жақсы қасиеттерді көргің келеді?	Топтық жұмыс жасайды Кестені толтырады Мақалдың мағынасын ашады	Дескриптор: 1-топ Қажетті сөздерді пайдаланып, нақыл сөздерді толықтырып жазады-1б 2-топ Берілген ақпаратты пайдаланып, досың жайлы шағын мәтін жазады-1б Дескриптор: Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, мағынасын бір-біріне түсіндіреді-1б	оқулық Пазлдар Таратпа парақтар
Сергіту сәті 2 минут	Жұптық жұмыс 3-тапсырма **«Пазл» әдісі** Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, мағынасын бір-біріне түсіндіріңдер ЕБҚ Сөздерді тауып,оқы Осы сипаттамаға сай келетін достарыңның аттарын жаз.	Жеке жұмыс жасайды Жаттығулар жасайды	Тамаша жұмыс! 	Қимылдар
Сабақты қорыту **6**минут		Суретпен жұмыс жасайды	Дескриптор: Сурет бойынша сұрақтарға жауап береді-1б	

	Сергіту сәті  			
Қосымша тапсырма 2минут	ФС тапсырмасы 4-тапсырма Берілген әріптерден басталатын досыңның қасиеттерін ата Д – Дамир- данышпан О – Омар- озық ойлы С- Серік- сенімді Үй тапсырмасы Достарың туралы мәтін құрап жазып кел.	Үй тапсырмасын алады		Жұмыс дәптері
Кері байланыс 5 минут	ҚЖ: Синквейн» әдісі «Дос»» сөзіне бес жолды өлең жаз Дос Сенімді,ақылды Қорғайды, үйретеді Достыққа адал болу керек екен. Адам	Бес жолды өлең құрастырады	Дескриптор: Дос туралы мәтін құрайды-1б	Жұмыс үлгісі
	«ҚҚҚ» әдісі  	Кері байланыс жасайды	Тамаша! «ҚҚҚ» әдісі	Кері байланыс тақтасы

Нұрғалиева Салтанат Әбдірешқызы
Бастауыш сынып мұғалімі
“№16 жалпы білім беретін мектеп“ КММ
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы

«САНДАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»

Біз күн сайын сандармен өмір сүреміз. Таңертең сағатқа қараймыз, дүкенге барғанда бағаны көреміз, сабақта баға аламыз — бәрі де сандармен байланысты! Ендеше, сандардың қызық әлеміне саяхат жасап көрейік.

Сандар тек есептеуге ғана емес, ойлануға, салыстыруға, тіпті болжауға да көмектеседі.

Мысалы:

Егер сағат 7-де тұрып, 8-де мектепке барсаң, сенің дайындалуға 1 сағатың бар.

Ал дүкенде нан – 150 теңге, ал сүт – 300 теңге болса, екеуін бірге алу үшін қанша теңге керек?

👉 Жауабы: 150 + 300 = **450 теңге.**

Міне, осылайша математика бізге күнделікті өмірде дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Математикалық сауаттылыққа тапсырма:

1. Бір торғай ағашта отыр еді. Тағы екі торғай ұшып келді. Енді ағашта неше торғай бар?
2. Сенің ұйықтайтын, ойнайтын және сабақ оқитын уақытыңды есептеп көр. Қай іс көп уақыт алады?

🕊️ **Жауабыңды дәптеріңе жазып көр!**

Математика – өмірдің тілі. Оны үйренсең, сен кез келген қиындықты ақылмен шеше аласың! 🌟

Кейде біз уақыттың қалай өтетінін байқамай қаламыз. Ал егер күнді математикалық тұрғыдан есептеп көрсек ше? Қане, бір күнді сандармен суреттейік!

Бір тәулікте **24 сағат** бар.

Біз шамамен **8 сағат ұйықтаймыз**, **6 сағат мектепте боламыз**, ал қалған **10 сағатта** ойнаймыз, тамақтанамыз, үй тапсырмасын орындаймыз.

Осыны есептеп көрейік:

8 (ұйқы) + 6 (мектеп) + 10 (басқа істер) = **24 сағат!**

Міне, бір күн осылай өтеді екен.

Қызықты дерек:

Бір аптада 7 күн бар. Егер әр күні 24 сағат болса, онда бір аптада неше сағат бар? 🕓 7 × 24 = **168 сағат.**

Уақытты дұрыс пайдалану да — математикалық сауаттылықтың бір бөлігі. Уақытыңды есептей білсең, сен бәріне үлгересің! ⏰✨

Аймуханова Канзада Баймуратовна
Бастауыш сынып мұғалімі
"№16 жалпы білім беретін мектеп" КММ

ОҚУ — ӨМІРДІҢ КІЛТІ

Қазіргі білім беру жүйесінде оқу сауаттылығы — оқушының өмір бойы білім алу қабілетінің басты көрсеткіші болып табылады. Бастауыш сынып кезеңінде оқу дағдысын қалыптастыру мен дамыту – оқушының танымдық, эмоциялық және әлеуметтік дамуына әсер ететін маңызды процесс. Оқу сауаттылығы дегеніміз – тек әріп танып, мәтінді дауыстап оқу ғана емес, оқылғанды түсіну, салыстыру, талдау және өмірмен байланыстыра білу.

Мұғалімнің басты міндеті – баланың бойында оқуға деген қызығушылық пен ішкі уәжді ояту. Оқушы оқуды мәжбүрлі әрекет ретінде емес, өздігінен ізденуге, жаңа дүниені тануға мүмкіндік беретін құрал ретінде қабылдауы керек. Сондықтан бастауыш буында оқу үрдісі қызықты, ойын арқылы, жағымды эмоция тудыратын формада ұйымдастырылуы тиіс.

Мысалы, «Тірі кітап бұрышы», «Ертегі апталығы», «Оқырман минуттары» сияқты сыныптық жобалар баланы оқуға бейімдейді. Әр оқушының жеке қызығушылығына сай мәтін таңдау да оқу сауаттылығын дамытуда үлкен рөл атқарады. Бала өзіне жақын кейіпкермен байланыс орнатып, мәтінге эмоциялық тұрғыда ене білу арқылы оқудың мәнін түсінеді.

Сөз – ойдың айнасы. Біз әр оқыған кітап, әр түсінген мәтін арқылы өзімізді және әлемді танимыз. Оқу тек сабақ емес, бұл – өмірді түсіну тәсілі.

Оқу сауаттылығы – бұл мәтінді түсініп, ой қорытып, өз пікіріңді айту қабілеті. Мәтінді оқып қана қоймай, оның мәнін түсінсең, өмірлік сабақ аласың.

Мысалы:

«Марат таңертең мектепке асықты. Ол жолда құстарды көріп, оларға күлімдеді.»

Мұнда біз:

Мараттың мектепке баруға асығып жатқанын,

Жолдағы құстарды байқап, көңілі көтерілгенін,

ішкентай нәрселерден қуаныш табуды үйренгенін көре аламыз.

Оқу арқылы сен тек сөздерді ғана емес, **ойлау қабілетіңді, сезімталдықты және шығармашылықты** дамытасың.



Қызықты тапсырма:

Төмендегі мәтінді оқып, дәптеріңе үш сөйлем жаз:

«Жанна бақшадағы гүлдерді суарып жүр. Ол гүлдердің әрқайсысына ерекше көңіл бөлді.»

1. Жанна не істеді?
2. Ол гүлдерге не үшін көңіл бөлді?
3. Сен де өсімдіктерге қамқорлық жасай аласың ба?

Кітап оқу – өмірдің кілті. Көп оқыған бала тек білім ғана емес, **ойлау, сезіну, түсіну** қабілетін де дамытады. Оқу сауаттылығы – сені болашаққа дайындайтын маңызды дағды.

📖 💡

Оқуға қызығушылығы жоғары бала — ойлау қабілеті дамыған, өзін еркін жеткізе алатын тұлға. Сондықтан оқу — тек пән емес, өмірлік дағды. Мұғалім мен ата-ана осы бағытта бірлесе әрекет еткенде ғана нәтиже болады. Оқу – өмірдің кілті екенін баланың жүрегіне жеткізу – біздің парызымыз.

Сарсенова Сауле Ибрагимовна
Бастауыш сынып мұғалімі
"№16 жалпы білім беретін мектеп" КММ

КІТАППЕН ДОС БОЛАЙЫҚ!

Кітап – адамзат ақыл-ойының қазынасы, рухани байлықтың көзі. Бүгінгі ақпараттық заманда балаларды кітап оқуға баулу – маңызды әрі жауапты міндет. Кітап оқу – оқу сауаттылығын дамытудың негізгі жолдарының бірі. Бастауыш сыныптан бастап кітаппен достасқан бала, өсе келе өмірлік ізденіс пен танымның жаңа деңгейіне көтеріледі. Мұғалім оқушыларды кітап оқуға тарту үшін түрлі шығармашылық әдістер қолдана алады. Мысалы: «Менің сүйікті кітабым» жобасы, «Ертегі тыңдау күні», «Кітап алмасу бұрышы», «Жанды кітапхана» сияқты іс-шаралар баланың қызығушылығын арттырады. Кітап оқуға арналған жарыстар мен марапаттау жүйелері де оң әсер береді. Оқу — білімнің кілті. Біз кітапты оқығанда тек сөздерді емес, сол сөздер арқылы жаңа ой, жаңа әлемді танимыз. Ал оқу сауаттылығы — мәтінді дұрыс түсініп, өз ойыңды жеткізе білу қабілеті.

Оқу сауаттылығы дегеніміз — тек оқи білу емес, **оқығаныңды түсіну, ой қорыту, өз пікіріңді айту**.

Мысалы, сен ертегіні оқыдың делік. Егер сен одан ненің жақсы, ненің жаман екенін ажыратып, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бере алсаң — демек, сен оқу сауаттылығы бар оқушысың! 🌟

Кейде мәтінде жасырын ойлар болады.

Мысалы:

«Кішкентай бұлбұл ән айтып отыр. Ормандағы барлық жануарлар оның әнін тыңдады.»

Мұнда біз бұлбұлдың тек ән айтып қана қоймай, **қуаныш пен тыныштық сыйлағанын** да түсінеміз. Бұл — мәтінді терең түсіну деген сөз.

Қызықты кеңес:

Күн сайын 15–20 минут кітап оқуға әдеттен.

Бейтаныс сөз кездессе, сөздіктен қарап үйрен.

Оқығаның туралы ата-анаңа немесе досыңа айтып бер.

Қызықты тапсырма:

Төмендегі шағын мәтінді оқы да, сұрақтарға жауап бер:

«Айсұлу бүгін мектепке ерте келді. Ол сынып бөлмесін гүлмен безендіріп, достарын қуантты.»

1. Айсұлу не істеді?
2. Ол не үшін бөлмені безендірді деп ойлайсың?
3. Сен де осындай іс жасай аласың ба?

Оқу — тек білім емес, ол **жүрек пен ақылдың азығы**. Көп оқыған бала көп біледі, көп ойлайды және өз ойын анық жеткізе алады. 📖✨

Ата-ананың да рөлі зор. Үйде кітап оқу дәстүрін қалыптастыру, баламен бірге оқып, мазмұнын талқылау, кітап дүкеніне немесе кітапханаға бірге бару – баланың оқу мәдениетін дамытады. Егер бала ата-анасының кітапқа деген сүйіспеншілігін көрсе, ол да кітаппен дос болуға тырысады.

Кітап оқудың пайдасы тек біліммен шектелмейді. Ол баланың сөздік қорын молайтады, ойлау жүйесін дамытады, эмоциялық және рухани әлемін байытады. Сондықтан әр балаға кітап әлемінің есігін ашу – мұғалім мен ата-ананың ортақ миссиясы. Кітаппен дос болған бала – өмірде өз жолын таба алатын тұлға.

Таласова Жамила Танжарбаевна
Бастауыш сынып мұғалімі
"№16 жалпы білім беретін мектеп" КММ

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕГІ ҚҰНДЫ ДАҒДЫ


Математика – тек сандар мен есептер емес, ол біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігі. Біз дүкенде бағаны есептейміз, сағатқа қараймыз, ойында стратегия құрамыз – бәрі де математикамен байланысты. Математикалық сауаттылық – бұл сандарды, өлшемдерді, уақытты түсініп, оларды дұрыс қолдана білу қабілеті.

Математикалық сауаттылықты дамыту арқылы бала:
Қарапайым есептерді шеше алады;
Уақытты дұрыс жоспарлайды;
Мәселелерді логикалық ойлап шешеді;
Салыстыру, сұрыптау, үлгі шығару қабілетін дамытады.
Мысалы:
Егер сағат 7-де оянсаң, 8-де мектепке барсаң, дайындалуға қанша минут бар?
Жауабы: 60 минут.
Сондай-ақ, дүкенде нан – 150 теңге, сүт – 300 теңге. Екеуін бірге алу үшін қанша ақша керек?
👉 150 + 300 = 450 теңге.
Математика күнделікті өмірде пайдалы: сағатты оқу, ақша есептеу, рецепт бойынша тағам дайындау, ойын стратегиясын құру – бәрі есепке негізделген.



Математикалық сауаттылыққа арналған тапсырма:
1. Бір ағашта 3 торғай отыр. Тағы 2 торғай ұшып келді. Енді ағашта неше торғай бар?
2. Сенің қорапшаңда 7 түрлі түсті блок бар. 3 блокты досыңа берсең, сенде неше блок қалады?
🕊️ Жауабыңды дәптеріңе жазып көр!
Сандар әлемі қызық және пайдалы. Математика тек мектепте емес, күнделікті өмірде де қажет. Математикалық сауаттылық – бұл сандар мен пішіндерді түсініп, оларды есептеуде, салыстыруда және шешім қабылдауда қолдана білу қабілеті.
Математика бізге:
Есептеу қабілетін дамытады – мысалы, дүкенде қанша ақша жұмсайтыныңды есептеу;
Логикалық ойлауды жетілдіреді – қандай әрекет бірінші, қайсысы кейін екенін шешу;
Салыстыру және топтауды үйретеді – үлкен мен кішкентай санды табу, заттарды топтарға бөлу.
Мысалы:
Сенің қолыңда 5 алма бар. Досың 3 алма әкелді. Енді сенде неше алма болды?
🖊️ Жауабы: 5 + 3 = 8 алма.
Тағы бір мысал:

Сабағың 10:00-де басталып, 10:45-де аяқталды. Сабақ қанша минутқа созылды?
🖊️ Жауабы: 45 минут.



Математика тек есеп емес, ол өмірлік дағдыға айналады. Ойындарда, рецепттерде, сағатты оқу немесе ақша есептеуде математика күнделікті қажет.

Математикалық сауаттылық – сенің өміріңде дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін маңызды дағды. Сандарды түсініп, оларды күнделікті өмірде қолдана білсең, сен шынайы есептеуші және ойлай білетін адам боласың! 🌟

Математика – өмірдің тілі. Оны үйренсең, сен кез келген қиындықты ақылмен шеше аласың. Математикалық сауаттылық күнделікті өмірде өте маңызды дағды болып табылады. 🌟

Мухамедрахимова Гульжанар Жаскайратовна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. *Мақалада бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыту жолдары ғылыми-публицистикалық тұрғыда жан-жақты қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі қазіргі талаптар оқушылардың тек білімді меңгеруімен шектелмей, олардың сыни және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруды міндеттейді. Осы тұрғыда бастауыш кезең – баланың танымдық қабілеттері қарқынды дамитын шешуші кезең ретінде сипатталады. Мақалада логикалық ойлаудың мәні, оның құрылымдық компоненттері, педагогикалық әдістер арқылы дамыту мүмкіндіктері және тәжірибелік тәсілдері кеңінен талданады. Ойын технологиялары, проблемалық оқыту, тапсырмалар жүйесі мен пәнаралық байланыстар арқылы логикалық ойлауды жетілдіру жолдары көрсетіледі. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен оқыту әдістерін дұрыс таңдай білуі оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін арттырудағы негізгі факторлардың бірі ретінде айқындалады. Сонымен қатар бастауыш сыныптағы оқу процесін ұйымдастыруда оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі негізделеді. Мақала мазмұны педагогтерге әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетуге бағытталған.*

Кілт сөздер: *логикалық ойлау, бастауыш білім, танымдық қабілет, оқыту әдістері, ойын технологиясы, проблемалық оқыту, педагогикалық тәсілдер, шығармашылық ойлау.*

Бастауыш білім беру жүйесі – тұлғаның зияткерлік негіздері қаланатын маңызды кезеңдердің бірі болып табылады, сондықтан дәл осы уақытта оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ерекше назар аудару қажет. Логикалық ойлау дегеніміз – ақпаратты талдау, салыстыру, жалпылау, қорытынды жасау және дәлелдеу қабілеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл қабілет баланың оқу әрекетінің сапасын арттырып қана қоймай, оның өмірлік жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдауына ықпал етеді. Қазіргі білім беру парадигмасы оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, белсенді ізденуші, ойлаушы субъект ретінде қарастырады. Осыған байланысты бастауыш сынып мұғалімі оқыту процесінде тек білім беруші емес, бағыттаушы, ұйымдастырушы рөлін атқарады. Логикалық ойлауды дамыту мақсатында қолданылатын әдістер жүйелі әрі мақсатты болуы тиіс. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмалар біртіндеп күрделендіріліп берілуі қажет. Бұл үдеріс барысында баланың қызығушылығы мен мотивациясы басты назарда болуы тиіс. Себебі қызығушылықсыз берілген тапсырма оқушының танымдық белсенділігін төмендетеді. Сондықтан мұғалім сабақ барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді үйлестіре білуі қажет.

Логикалық ойлауды дамытуда ойын технологиялары ерекше орын алады, себебі ойын – бастауыш сынып оқушысының жетекші әрекеті болып табылады. Ойын барысында бала еркін ойлап, өз пікірін білдіруге мүмкіндік алады, бұл оның логикалық операцияларды табиғи түрде меңгеруіне жағдай жасайды. Әсіресе дидактикалық ойындар арқылы оқушылар салыстыру, талдау, жіктеу сияқты әрекеттерді орындауға дағдыланады. Ойын тапсырмалары оқушының жас ерекшелігіне сай қызықты әрі мазмұнды болуы тиіс. Мұғалім ойын барысында оқушылардың ойлау процесін бақылап, қажет жағдайда бағыт-бағдар беріп отырады. Бұл тәсіл оқушылардың өз бетімен шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады. Сонымен бірге топтық ойындар арқылы оқушылар арасында өзара әрекеттестік дамиды, бұл олардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді. Ойын технологиясын жүйелі қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, оқу материалын терең меңгеруге ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда ойын – тек көңіл көтеру құралы емес, тиімді педагогикалық құрал болып табылады. Сондықтан мұғалім ойын элементтерін сабақтың мазмұнына сай шебер енгізуі тиіс.

Проблемалық оқыту әдісі де логикалық ойлауды дамытудың маңызды құралдарының бірі болып табылады, өйткені бұл әдіс оқушыны дайын жауапты қабылдауға емес, мәселені өз бетінше шешуге бағыттайды. Проблемалық жағдаят туғызу арқылы мұғалім оқушыларды ойлануға, болжам жасауға және оны дәлелдеуге итермелейді. Мұндай тәсіл оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастырып, олардың аналитикалық қабілеттерін дамытады. Проблемалық тапсырмалар нақты өмірмен байланысты болған жағдайда олардың тиімділігі арта түседі. Оқушы өз тәжірибесіне сүйене отырып, мәселені шешуге тырысады, бұл оның білімін өмірмен байланыстыруына мүмкіндік береді. Мұғалім проблемалық сұрақтарды дұрыс қоя білуі тиіс, себебі сұрақтың сапасы оқушының ойлау деңгейіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар оқушылардың жауаптарын талдау барысында олардың логикалық ойлау деңгейін анықтауға болады. Бұл әдіс оқушылардың өз ойын дәлелді түрде жеткізу дағдысын қалыптастырады. Нәтижесінде оқушы тек білім алып қана қоймай, оны қолдана білу қабілетін де меңгереді. Сондықтан проблемалық оқыту бастауыш сыныпта кеңінен қолданылуы тиіс.

Логикалық ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін құрастыру барысында олардың мазмұндық құрылымы мен әдістемелік негізіне ерекше назар аудару қажет, өйткені әрбір тапсырма оқушының тек білімін тексеруге емес, оның ойлау әрекетін ұйымдастыруға қызмет етуі тиіс. Осы тұрғыда тапсырмалар тек пәндік мазмұнмен шектелмей, логикалық операцияларды жүзеге асыруға бағытталған көпқырлы сипатқа ие болуы керек, себебі оқушының ойлау қабілеті тек ақпаратты қабылдау арқылы емес, оны қайта өңдеу, жүйелеу және жаңа жағдайда қолдану арқылы дамиды. Мұғалім тапсырмаларды құрастыру кезінде олардың құрылымдық бірізділігін сақтай отырып, оқушының танымдық әрекетін белсенді ететін элементтерді енгізуі қажет, өйткені жүйесіз берілген тапсырмалар оқушының ойлау

процесін тежейді. Әсіресе тапсырмаларда салыстыру, жалпылау, жіктеу және себеп-салдарлық байланыстарды анықтау әрекеттерін қамтитын элементтердің болуы маңызды, себебі бұл әрекеттер логикалық ойлаудың негізін құрайды. Сонымен қатар тапсырмалардың мазмұны оқушының өмірлік тәжірибесімен байланысты болуы тиіс, өйткені нақты мысалдар арқылы берілген тапсырмалар оқушының түсінуін жеңілдетеді әрі оның қызығушылығын арттырады. Тапсырмалар жүйесінде визуалды элементтердің қолданылуы да маңызды, өйткені суреттер, сызбалар мен кестелер арқылы берілген ақпарат оқушының ойлауын көрнекі деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұғалім тапсырмаларды құрастыру барысында олардың тек мазмұнына ғана емес, берілу формасына да мән беруі тиіс, себебі бір тапсырманы әртүрлі формада ұсыну оқушының ойлау икемділігін арттырады. Сонымен бірге тапсырмалар оқушыны тек дұрыс жауап табуға емес, өз ойын дәлелдеуге бағыттауы қажет, өйткені дәлелдеу процесі логикалық ойлаудың жоғары деңгейін талап етеді. Оқушының қателесуіне мүмкіндік беру де маңызды, себебі қателерді талдау арқылы оқушы өз ойлауындағы кемшіліктерді түсінеді және оларды түзетуге үйренеді. Осылайша дұрыс ұйымдастырылған тапсырмалар жүйесі оқушының ойлау мәдениетін қалыптастырып, оның интеллектуалдық дамуына жүйелі түрде ықпал етеді.

